«ЖАСЫЛ ДАМУ» АҚ ЖЫЛДЫҚ ЕСЕБІ

2025

АСТАНА · 2025

RECYCLE.KZ

МАЗМҰНЫ

01 Директорлар кеңесі Төрағасының үндеуі 3

02 Басқарма Төрағасының үндеуі 5

03 Қоғам туралы 7

04 Қоғам қызметінің нәтижелері 9

05 Болашаққа арналған мақсаттар пен жоспарлар 39

06 Тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау жүйесі 43

07 Корпоративтік басқару 47

08 Тұрақты даму және ESG 65

09 Аудиторлық қорытынды 74

10 Қаржылық есеп 74

11 Ішкі аудит қызметі 75

12 Глоссарий 77

ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІ ТӨРАҒАСЫНЫҢ ҮНДЕУІ



Н. ШАРБИЕВ

«Жасыл даму» АҚ Директорлар кеңесінің Төрағасы, Қазақстан Республикасының Экология және табиғи ресурстар вице-министрі

Құрметті ханымдар мен мырзалар!

2025 жыл Қазақстан Республикасындағы қалдықтарды басқару жүйесін дамытуда және «Жасыл даму» АҚ қызметінде маңызды кезең болды. Қоғам қалдықтармен жұмыс жасаудың заманауи әрі экологиялық тұрғыдан тұрақты жүйесін қалыптастыру жөніндегі негізгі міндеттерді іске асыруды және Париж келісімі шеңберіндегі міндеттемелерді, соның ішінде парниктік газ шығарындыларын кезең-кезеңімен азайтуды орындауды жалғастырды.

Өндірушілердің кеңейтілген міндеттемелері, инфрақұрылымды қаржыландыру және қалдықтарды басқару тетіктері жүйелі түрде дамып келеді, цифрлық шешімдер енгізілуде, процестердің ашықтығы артуда.

Корпоративтік басқаруды тәуелсіз бағалау қорытындысы бойынша Қоғамға «АА» рейтингі берілді, бұл басқару процестерінің жоғары толысу деңгейін, ішкі бақылаудың тиімділігін және қабылданатын шешімдердің сапасын растайды.

Сонымен бірге қол жеткізілген нәтижелер бұдан былайғы дамудың негізі ретінде қарастырылады. Тұрақты және төмен көміртекті даму қағидаттары интеграцияланған тұтас ESG жүйесін қалыптастыру негізгі басымдықтардың қатарында.

Есепті жылда саланың кезең-кезеңімен дамуын және «Жасыл даму» АҚ-ға Қалдықтарды басқару жөніндегі ұлттық орталық функцияларын беруді көздейтін Қалдықтардың барлық түрлерін басқарудың 2026–2030 жылдарға арналған тұжырымдамасы бекітілді.

Директорлар кеңесі өзінің стратегиялық рөлін нығайтуды, Жалғыз акционермен өзара іс-қимылды дамытуды және саланың тиімділігі мен тұрақтылығын арттыруға бағытталған бастамаларды қолдауды жалғастырады.

Іске асырылып жатқан шаралар қалдықтармен жұмыс істеу жүйесінің ұзақ мерзімді дамуын қамтамасыз етуге және мемлекет пен қоғам тарапынан сенімді нығайтуға мүмкіндік беретініне сенімдіміз.

Сенім білдіргендеріңіз және қолдау көрсеткендеріңіз үшін алғыс айтамыз.

БАСҚАРМА ТӨРАҒАСЫНЫҢ ҮНДЕУІ



Е. СӘРСЕНБАЙ

«Жасыл даму» АҚ Басқарма Төрағасы

Құрметті әріптестер мен серіктестер!

Назарларыңызға «Жасыл даму» АҚ-ның 2025 жылғы жылдық есебін ұсынамын. Есепті кезең Қоғам үшін тұрақты дамудың, стратегиялық міндеттерді жүйелі түрде іске асырудың және қалдықтарды басқару инфрақұрылымын дамыту мен экологиялық мәдениетті қалыптастыру саласындағы негізгі институт ретінде «Жасыл даму» АҚ рөлін нығайтудың кезеңі болды.

2025 жылдың қорытындысы бойынша маңызды нәтижелерге қол жеткізілді:

салалық инфрақұрылымды дамыту шеңберінде қалдықтарды сұрыптауды, қайта өңдеуді және кәдеге жаратуды жүзеге асыратын кәсіпорындарды құру және жаңғырту жөніндегі жобалар қаржыландырылды. Бұл өндірістік қуаттарды нығайтуға және тұйық циклді экономиканы қалыптастыру үшін қосымша жағдайлар жасауға мүмкіндік берді;

EcoQolday бағдарламасын дамытуға ерекше назар аударылды. Жыл ішінде жүйеге қалдықтарды басқару саласындағы жаңа кәсіпкерлік субъектілері қосылды, бұл бүкіл ел бойынша қайталама ресурстарды жинау және қайта өңдеу көлемінің бұдан былайғы өсуіне ықпал ететін болады;

Мемлекет басшысының «Таза Қазақстан» бастамасын іске асыру шеңберінде Қоғам экологиялық мәдениетті арттыруға, қоршаған ортаға жауапкершілікпен қарауды қалыптастыруға және халықты экологиялық бастамаларға тартуға бағытталған білім беру, экологиялық және инфрақұрылымдық іс-шаралар кешенін өткізді. Есепті кезеңнің қаржылық нәтижелері Қоғам қызметінің тұрақтылығы мен тиімділігін растайды. 2025 жылдың қорытындысы бойынша таза пайда шамамен 40 млрд теңгені құрады.

Барлық қызметкерлерге, серіктестер мен әріптестерге бірлескен жұмыс, сенім және Қоғам өткізетін экологиялық іс-шараларды іске асыруға қосқан үлесі үшін шынайы алғысымды білдіремін.

ҚОҒАМ ТУРАЛЫ

ЖАЛПЫ МӘЛІМЕТТЕР

«Жасыл даму» акционерлік қоғамы (бұдан әрі – Қоғам) Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 26 шілдедегі № 978 қаулысына (бұдан әрі – ҚР ҮҚ № 978) сәйкес Қазақстан Республикасы Қоршаған ортаны қорғау министрлігінің «Қазақ экология және климат ғылыми-зерттеу институты» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнын қайта ұйымдастыру туралы» қаулысына сәйкес құрылды.

Қоғам қызметінің негізгі мақсаты қоршаған ортаның жай-күйін сақтау, қалпына келтіру және жақсарту үшін жағдайлар жасау, сондай-ақ Қазақстан Республикасының Экологиялық кодексіне (бұдан әрі – Кодекс) және Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілеріне сәйкес өндірушілердің (импорттаушылардың) кеңейтілген міндеттемелері қағидатын іске асыру арқылы Қазақстан Республикасының төмен көміртекті дамуға көшуін қамтамасыз ету болып табылады.

ҚР ҮҚ № 978 сәйкес Қоғам қызметінің негізгі пәндері мыналар болып табылады:

1) Біріккен Ұлттар Ұйымының Климаттың өзгеруі туралы негіздемелік конвенциясына Киото хаттамасын үйлестіру және іске асыру жөніндегі уәкілетті органның қызметін техникалық және консультациялық қамтамасыз ету;

2) Біріккен Ұлттар Ұйымының Климаттың өзгеруі туралы негіздемелік конвенциясына Киото хаттамасымен реттелетін климаттың өзгеруі және парниктік газдар шығарындылары саласындағы, және Тұрақты органикалық ластағыштар туралы Стокгольм конвенциясымен реттелетін қауіпті қалдықтарды басқару, Қауіпті қалдықтардың шекарааралық тасымалдануын бақылау және оларды жою туралы Базель конвенциясы, Халықаралық саудадағы жекелеген қауіпті химиялық заттар мен пестицидтерге қатысты алдын ала негізделген келісім рәсімі туралы Роттердам конвенциясы, Озон қабатын қорғау туралы Вена конвенциясы, Ауаның үлкен қашықтықтарға шекарааралық ластануы туралы конвенция, Озон қабатын бұзатын заттар жөніндегі Монреаль хаттамасы және оған Лондон түзетуі саласындағы ғылыми-зерттеу қызметі;

3) сот шешімі бойынша республикалық меншікке түскен иесіз қауіпті қалдықтарды басқару;

4) өндірушілердің (импорттаушылардың) кеңейтілген міндеттемелері қағидатын іске асыру.

31.12.2025 жылғы ЖАРҒЫЛЫҚ КАПИТАЛ
288 763 дана × 1 000 теңге

288 763
мың теңге

ЖАРҒЫЛЫҚ КАПИТАЛДЫҢ ҚҰРЫЛЫМЫ ТУРАЛЫ

Шығарылған акциялардың саны мен номиналды құны, сондай-ақ жарияланған, бірақ орналастырылмаған акциялардың саны мен номиналды құны

ҚР ҮҚ 2022 жылғы 18 қаңтардағы № 20 қаулысына сәйкес Қоғам өндірушілердің (импорттаушылардың) кеңейтілген міндеттемелерінің операторы (бұдан әрі – Оператор) болып айқындалды.

Аталған қаулыны іске асыру шеңберінде «Оператор ӨКМ» ЖШС-нің жарғылық капиталындағы 100% қатысу үлесі республикалық меншікке берілді және Қоғам акцияларының төлеміне енгізілді.

2025 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Қоғамның орналастырылған жай акцияларының саны бір акция үшін номиналды құны 1 000 теңге болатын 288 763 дананы құрайды.

Акциялар беретін құқықтардың сипаттамасы

«Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Republiccы Заңының 13-бабының 1-тармағына және Қоғам Жарғысының 5.1-тармағына сәйкес жай акция акционерге Қазақстан Республикасының заңнамасында және Қоғам Жарғысында көзделген тәртіппен Қоғамды басқаруға қатысу құқығын, Қоғамда таза табыс болған кезде дивидендтер алу құқығын, сондай-ақ ол таратылған кезде Қоғам мүлкінің бір бөлігін тиісті тәртіппен алу құқығын және Қазақстан Республикасының заңнамасында және Қоғам Жарғысында көзделген өзге де құқықтарды береді.

Акционерлердің құрамы, оларға тиесілі акциялардың саны мен үлесі

Қазақстан Республикасы Экология және табиғи ресурстар министрлігі (бұдан әрі – ҚР ЭТРМ) түріндегі мемлекет Қоғамның жалғыз акционері болып табылады.

288 763 дана көлеміндегі 100% жай дауыс беретін акциялар Қоғамның Жалғыз акционеріне тиесілі.

Меншік құқықтарына билік ету тәртібі

«Мемлекеттік мүлік туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 166-бабының 2-тармағына сәйкес республикалық меншіктегі мемлекеттік акциялар пакетіне билік ету құқығын Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитеті түріндегі уәкілетті орган жүзеге асырады.

ҚОҒАМ ҚЫЗМЕТІНІҢ НӘТИЖЕЛЕРІ

Кәдеге жарату төлемдері

Кодекстің 386-бабының 1) тармағына сәйкес қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті орган бекіткен тізбе бойынша өнімдердің (тауарлардың) жекелеген түрлерін Қазақстан Республикасының аумағында өндіруді және (немесе) Қазақстан Республикасының аумағына әкелуді жүзеге асыратын жеке және заңды тұлғалар мұндай өнімдер (тауарлар) тұтынушылық қасиеттерін жоғалтқаннан кейін түзілетін қалдықтарды жинауды, тасымалдауды, қайта пайдалануға дайындауды, сұрыптауды, өңдеуді, қайта өңдеуді, зарарсыздандыруды және (немесе) кәдеге жаратуды қамтамасыз етуге міндетті.

Кодекстің 386-бабының 2) тармағына сәйкес өндірушілер мен импорттаушылар өндірушілердің (импорттаушылардың) кеңейтілген міндеттемелерін мынадай тәсілдердің бірімен орындайды:

1) қалдықтарды жинаудың, тасымалдаудың, қайта пайдалануға дайындаудың, сұрыптаудың, өңдеудің, қайта өңдеудің, зарарсыздандырудың және (немесе) кәдеге жаратудың меншікті жүйесін қолдану;

2) Оператормен қалдықтарды жинауды, тасымалдауды, қайта пайдалануға дайындауды, сұрыптауды, өңдеуді, қайта өңдеуді, зарарсыздандыруды және (немесе) кәдеге жаратуды ұйымдастыру туралы шарт жасасу, Қазақстан Республикасының Үкіметі бекіткен ӨКМ-ді іске асыру қағидаларына сәйкес өтінім беру және ӨКМ операторының банктік шотына утилизациялық төлем түрінде ақша енгізу.

«Қазақстан Республикасының аумағында өндірілетін және (немесе) Қазақстан Республикасының аумағына әкелінетін өнімдердің (тауарлардың) жекелеген түрлерінің тізбесі Қазақстан Республикасы Экология, геология және табиғи ресурстар министрінің 2022 жылғы 9 қарашадағы № 689 бұйрығымен бекітілген.

Аталған міндеттемелерді іске асыру тәртібі ҚР Үкіметінің 2021 жылғы 25 қазандағы № 763 қаулысымен бекітілген Өндірушілердің (импорттаушылардың) кеңейтілген міндеттемелерін іске асыру қағидаларымен (бұдан әрі – Қағидалар) айқындалады.

Қағидалардың 14-тармағының 1) тармақшасына сәйкес кәдеге жарату төлемін енгізуге және кәдеге жарату төлемі енгізілгені туралы сертификатты алуға өтінімді (бұдан әрі – Өтінім) беруді өндірушілер мен импорттаушылар Операторлың ақпараттық жүйесі арқылы не қағаз жеткізгіште жүзеге асырады.

2025 жыл бойы барлық өтінім app.recycle.kz ақпараттық жүйесі арқылы берілді.


2025 жылғы 1 қаңтар мен 31 желтоқсан аралығында Оператор Қазақстан Республикасының аумағында өндірілген және аумағына импортталған көлік құралдары (бұдан әрі – КҚ) мен өзі жүретін ауыл шаруашылығы техникасына (бұдан әрі – АШТ) кәдеге жарату төлемі енгізілгені туралы 375 520 сертификат (бұдан әрі – КЖТЕС) берді».

№1 кесте. 2025 жылғы КҚ мен өзі жүретін АШТ импорты мен өндірісі бірліктерінің саны, дана

Категориясы	Импорттаушылар	Өндірушілер	Жалпы
M1	154 948	162 979	317 927
M1G	12 867	348	13 215
M2	203	703	906
M2G	52	73	125
M3	615	2 526	3 141
M3G	16	69	85
N1	5 041	2 559	7 600
N1G	2 381	2 441	4 822
N2	1 377	597	1 974
N2G	63	1	64
N3	14 015	1 502	15 517
N3G	328	1 333	1 661
КОМБАЙН	93	1 176	1 269
ТРАКТОР	418	6 796	7 214
Жалпы жиыны	**192 417**	**183 103**	**375 520**

ҚОҒАМ ҚЫЗМЕТІНІҢ НӘТИЖЕЛЕРІ

№1 диаграмма. ҚҚ мен АШТ-ға берілген КЖТЕС динамикасы



Сондай-ақ 2025 жылы өнімдердің (тауарлардың) және қаптаманың 466 096 позициясын қамтитын, ӨКМ қолданылатын өнімдерге (тауарларға) кәдеге жарату төлемі енгізілгені туралы 30 208 сертификат (КЖТЕС) берілді.

30 208
Өнімдерге (тауарларға) КЖТЕС

466 096
өнімдер мен қаптама позициялары

№2 кесте. 2025 жылы кәдеге жарату төлемдері енгізілген өнімдер (тауарлар мен қаптама)

Өнімнің (тауардың) атауы	Массасы, тонна
Электр аккумуляторлары, олардың сепараторларын қоса алғанда	11 279
Қолмен құйылған, борланбаған, хат жазу, басып шығару немесе басқа да графикалық мақсаттар үшін пайдаланылатын қағаз бен картон	0,0009
Газеттер, журналдар және өзге де мерзімді басылымдар, иллюстрацияланған немесе иллюстрацияланбаған, жарнамалық материалдары бар немесе жоқ	0,299
Каучук, резеңке және олардан жасалған бұйымдар	128 323
Электр қыздыру немесе газразрядты лампалар, бағытталған жарықты герметикалық лампаларды, сондай-ақ ультракүлгін немесе инфрақызыл лампаларды қоса алғанда; доғалы лампалар, құрамында сынабы барлар	61
Мұнай және мұнай өнімдері (шикі мұнайдан басқасы)	148 804
Полимерлі, шыны, қағаз, картон, металл қаптама, аралас материалдардан жасалған қаптама	184 380
Пластмассадан жасалған асханалық және асүйлік ыдыстар, асханалық және асүйлік аспаптар мен керек-жарақтар, басқа да үй тұрмысындағы заттар және гигиена немесе дәретхана заттары	4 659
Басқа да химиялық өнімдер	459
Шағын ақпараттық электрлік және электрондық жабдық	2 938
Шағын габаритті электрлік және электрондық жабдық	41 316
Экрандармен және мониторлармен жабдықталған электрлік және электрондық жабдық	8 565
Құрамында жылу тасымалдағыштары бар электрлік және электрондық жабдық	76 117
Ірі габаритті электрлік және электрондық жабдық	70 997
Жалпы есеп	**677 899,30**

ҚОҒАМ ҚЫЗМЕТІНІҢ НӘТИЖЕЛЕРІ

Кәдеге жарату төлемінің түсімдері

Кәдеге жарату төлемінің түсімдері:

• КҚ өндірісі мен импортынан – 333 747 млн теңгені;

• АШТ өндірісі мен импортынан – 21 183 млн теңгені;

• ӨКМ қолданылатын басқа да өнімдерден (автокомпоненттерді, қаптаманы, электрлік және электрондық жабдықтарды және т.б. қоса алғанда) – 20 504 млн теңгені құрады.

№2 диаграмма. 2025 жылғы кәдеге жарату төлемі түсімдерінің құрылымы, млн теңге



Қазақстан Республикасында экологиялық таза автомобиль КҚ, АШТ және автокомпоненттер өндірісін қаржыландыру

Оператор кәдеге жарату төлемінің қаражатын Кодекстің 388-бабы 1-тармағының 3) тармақшасына сәйкес Қазақстан Республикасында экологиялық таза автомобиль КҚ, олардың компоненттерін, сондай-ақ АШТ өндірісін қаржыландыруға бағыттайды.


2025 жылы «Кәдеге жарату төлемдерінің түсімдерін есепке алу» АЖ ақпараттық жүйесі арқылы берілген отандық КҚ, АШТ және автокомпоненттер өндірушілерінің өтінімдеріне сәйкес Оператор мынадай мөлшерде қаражат бағыттады:

• 6 106 өтінім аясында 178 229 бірлік КҚ пен АШТ өндірісіне – 162,277 млрд теңге;


• автокомпоненттер (шиналар) өндірісіне – 54,5 млн теңге мөлшерінде.

Кешенді қолдау отандық машина жасау саласы өсімінің факторларының біріне айналды. 2019 жылмен салыстырғанда көлік құралдарын шығару үш есеге артты.

№3 диаграмма. Қазақстан Республикасындағы көлік құралдарының өндірісі, мың дана



ҚАЛДЫҚТАРДЫ ЖИНАУ ЖӘНЕ ҚАЙТА ӨҢДЕУ ЖҰМЫСЫН ҰЙЫМДАСТЫРУ



EcoQolday ААЖ

Оператор «EcoQolday» автоматтандырылған ақпараттық жүйесін Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес келтіру бөлігінде оны жетілдіру бойынша жұмыс жүргізді.

2025 жылғы шілдеде ҚР ЭТРМ 2023 жылғы 27 қарашадағы № 332 бұйрығымен бекітілген Қағидаларға кәсіпкерлік субъектілерінің қалдықтарды жинау және (немесе) қайта өңдеу жөніндегі қызметті жүзеге асыру жағдайларын жақсартуға бағытталған өзгерістер енгізілді.

Негізгі өзгерістер қалдықтарды қайта өңдеу кезіндегі шығын нормативтерін алып тастауды, бағдарламаға қоқыс шығарушы ұйымдардың қатысуына жол беруді, сондай-ақ қалдықтарды жинауды жүзеге асыратын субъектілерге қойылатын талаптарды белгілеуді көздейді.

Түсіндіру жұмыстары және қатысушылармен кездесулер



2025 жылы Оператор кеңестер мен семинарлар өткізу арқылы компанияларды «EcoQolday» бағдарламасына қатысуға тарту және Қағидалардың талаптарын түсіндіру бойынша жұмыс жүргізді.

Жүйеде тіркелген компаниялар арасында онлайн-форматта 6 түсіндіру іс-шарасы өткізілді.

Өңірлік кездесулер ұйымдастырылды:

- 15.07.2025 ж., 17.07.2025 ж. – ҚШҰ-лармен жалпы кеңестер;
- 22.07.2025 ж. – батыс өңірлерге шығу;
- 23.07.2025 ж. – солтүстік өңірлерге шығу;
- 24.07.2025 ж. – орталық өңірлерге шығу;
- 25.07.2025 ж. – Астана қ.

2025 жылғы тамыз бен қазан аралығындағы кезеңде Қазақстан Республикасының барлық өңірлерінде 182 ҚШҰ өкілдерімен кездесулер өткізілді.

2025 жылғы EcoQolday ААЖ жұмысының қорытындылары

ТІРКЕЛДІ
136
компания

ӨТІНІМДЕР БЕКІТІЛДІ
78
компания

ЕСЕПТЕР БЕРІЛДІ
327
EcoQolday ААЖ арқылы

ЖИНАУ ЖӘНЕ ҚАЙТА ӨҢДЕУ БОЙЫНША СТРАТЕГИЯЛЫҚ КӨРСЕТКІШКЕ ҚОЛ ЖЕТКІЗІЛДІ
42,16%
Қоғамды дамыту стратегиясында көзделген

50 Жинаушы
38-і есеп берді

18 Қайта өңдеуші
10-ы есеп берді

10 Толық циклді кәсіпорын
7-еуі есеп берді

Өңірлердегі ECOQOLDAY



50 жинаушы

18 қайта өңдеуші

10 толық цикл

ЖҮЗЕГЕ АСЫРЫЛҒАН ТӨЛЕМДЕР КӨЛЕМІ	ЖИНАУШЫЛАР	ҚАЙТА ӨҢДЕУШІЛЕР	ТОЛЫҚ ЦИКЛ
884,4 млн теңге	759,1 млн теңге	87,7 млн теңге	37,6 млн теңге

ӨҢДЕУ ӨНЕРКӘСІБІНДЕГІ ЖОБАЛАРДЫ ҚАРЖЫЛАНДЫРУ

Кодекстің 388-бабы 1-тармағының 15) тармақшасына сәйкес Өндірушілер мен импорттаушылардан кәдеге жарату төлемі түрінде оның банктік шотына келіп түскен қаражатты Өндірушілердің кеңейтілген міндеттемелерінің операторы (ӨКМ операторы) қоршаған ортаның жай-күйін жақсартуға бағытталған өңдеу өнеркәсібіндегі жобаларды одан әрі қаржыландыру үшін дауыс беретін акцияларының (жарғылық капиталындағы қатысу үлестерінің) елу және одан да көп пайызы тікелей немесе жанама түрде мемлекетке және (немесе) ұлттық басқарушы холдингке тиесілі ұйымдарды қаржыландыруға бағыттайды.

Аталған бағыт шеңберінде Қоғам жобаларды қаржыландыруды ҚР Үкіметінің 2021 жылғы 2 қыркүйектегі № 604 қаулысына сәйкес «Өнеркәсіпті дамыту қоры» АҚ (бұдан әрі – «ӨДҚ» АҚ) арқылы жүзеге асырады.

2025 жылы Қоғам «ӨДҚ» АҚ арқылы қолданыстағы заңнамада көзделген бағыттарға сәйкес 150,9 млрд теңге сомасына қаржыландыру ұсынды, оның ішінде:

- қалдықтарды қайта өңдеу объектілерін құру және жаңғырту жөніндегі жобаларды қаржыландыру үшін 90,4 млрд теңге көлемінде қалдықтарды қайта өңдеу инфрақұрылымын дамытуға. Қаржыландыру қайтарымдылық негізде жылдық 3% сыйақы мөлшерлемесімен 3 жылдан 15 жылға дейінгі мерзімге беріледі. Жобаларды қаржыландырудың жалпы көлемі үш жылдық кезеңге 185 млрд теңгеге дейінгі мөлшерде көзделген;
- мемлекеттік органдар үшін (ІІМ, ТЖМ, АШМ және т.б.) отандық өндіріс техникасын сатып алуды қоса алғанда, 42,1 млрд теңге көлемінде мемлекеттік органдардың материалдық-техникалық базасын жаңартуға;
- Ақмола, Алматы, Қарағанды, Қостанай, Павлодар және Түркістан облыстарын қоса алғанда, өртті ерте анықтау жүйелерін сатып алуды, сондай-ақ орман және табиғат қорғау ұйымдарын мамандандырылған техникамен жарақтандыруды қамти отырып, 18,3 млрд теңге көлемінде орман өрттерінің алдын алуға және оларды жоюға.

“ӨДҚ” АҚ АРҚЫЛЫ 2025 ЖЫЛЫ

150,9 млрд тг

сомасына қаржыландыру ұсынылды

2025 жылғы қаржыландыру бағыттары

90,44 млрд тг

Қалдықтарды қайта өңдеу инфрақұрылымы

42,12 млрд тг

Мемлекеттік органдардың МТБ-сын жаңарту

18,34 млрд тг

Орман өрттерінің алдын алу және оларды жою

ҚОҒАМНЫҢ КІРІСТЕРІ МЕН ШЫҒЫСТАРЫ

2025 жылдың қорытындысы бойынша Қоғам кірістерінің жалпы көлемі 2024 жылмен (233 527 млн теңге) салыстырғанда ұлғайып, 292 701 млн теңгені құрады.
Кірістердің негізгі үлесін өндірушілердің (импорттаушылардың) кеңейтілген міндеттемелері жүйесі шеңберіндегі іс-шараларды қаржыландыруға бағытталатын кәдеге жарату төлемінен түсетін түсімдер құрайды.
Қоғам шығыстарының жалпы көлемі 265 984 млн теңгені құрады.

ҚОҒАМНЫҢ 2025 ЖЫЛҒЫ КІРІСТЕРІ

292 701 млн теңге


2024 жылға қарай +25,4% (233 527 млн теңге)

ҚОҒАМНЫҢ 2025 ЖЫЛҒЫ ШЫҒЫСТАРЫ

265 984 млн теңге

2024 жылға қарай +31,8% (201 871 млн теңге)

№5 диаграмма. Кірістер мен шығыстарды салыстыру



ОПЕРАЦИЯЛЫҚ ЖӘНЕ ҚАРЖЫЛЫҚ КӨРСЕТКІШТЕР

АКТИВТЕР
473 680 млн тг
2024 жылға қарай +26,3%

МІНДЕТТЕМЕЛЕР
431 624,6 млн тг
2024 жылға қарай +29,6%


МЕНШІКТІ КАПИТАЛ
42 055,6 млн тг
2024 жылға қарай +111,5 млн тг

2025 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Қоғамның шоғырландырылған активтерінің көлемі алдыңғы жылмен салыстырғанда 26,3%-ға ұлғайып, 473 680 млн теңгені құрады.
Есепті кезеңнің соңында Қоғамның шоғырландырылған міндеттемелерінің көлемі 2024 жылмен салыстырғанда 29,6%-ға ұлғайып, 431 624,6 млн теңгені құрады.

№6 диаграмма. Активтер мен міндеттемелердің өзгеру серпіні, млн теңге



№7 диаграмма. Меншікті капиталдың өзгеру серпіні*, млн теңге



**2022 жылғы меншікті капиталдың теріс мәні «Оператор ӨКМ» ЖШС-нен қабылданған міндеттемелер көлемінің оның активтерінің құнынан асып кетуімен негізделеді.*

ТАЗА ПАЙДА, ROA И ROE


Қоғамның 2025 жылғы қаржы-шаруашылық қызметінің нәтижесі бойынша таза пайда мөлшері өткен жылмен салыстырғанда 5,5%-ға артып, 39 524 млн теңгені құрады. Активтер мен меншікті капитал құнының бірлігіне шаққандағы пайда шамасын көрсететін ROA және ROE көрсеткіштері тиісінше 8,3%-ды және 94,0%-ды құрады.

ТАЗА ПАЙДА
39 524
млн теңге
2024 жылға қарай +5,5%

ROA
8,3%
активтердің табыстылығы

ROE
94,0%
капиталдың табыстылығы

№8 диаграмма. Таза пайданың өзгеру серпіні, млн теңге



Активтердің құрылымы

2025 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Қоғам «Оператор ӨКМ» ЖШС-ның жарғылық капиталындағы 100% қатысу үлесіне иелік етеді.

НЕГІЗГІ МАҢЫЗДЫ ОҚИҒАЛАР МЕН ЖЕТІСТІКТЕР

2025 жылы Қоғамның қызметі өндірушілердің (импорттаушылардың) кеңейтілген міндеттемелері саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыруға, қалдықтарды басқару жүйесін, соның ішінде иесіз қауіпті қалдықтарды басқару жөніндегі қызметті дамытуға, сондай-ақ парниктік газдар шығарындыларын реттеуді қоса алғанда, климаттық күн тәртібін іске асыруға бағытталды.

01 Инвестициялық жобаларды қаржыландыру

2025 жылы Қоғам қатты тұрмыстық қалдықтарды басқару саласындағы 22 инвестициялық жобаны қаржыландырды, оның ішінде:

МАМАНДЫРЫЛҒАН ТЕХНИКА

5,6 млрд тг · **7** жоба · **121** бірлік · **255** жұмыс орны



255 жұмыс орнын құра отырып, 121 бірлік мамандандырылған техника (қоқыс таситын көліктер) сатып алуды көздейтін сомасы 5,6 млрд теңгеге 7 жоба.

ҚАЛДЫҚТАРДЫ СҰРЫПТАУ КЕШЕНДЕРІ МЕН ҚАЙТА ӨҢДЕУ ЗАУЫТТАРЫ

84,8 млрд тг · **15** жоба · **605 613** т/жыл · **1 147** жұмыс орны


Жалпы жобалық қуаты жылына 605 613 тоннаны құрайтын қалдықтарды сұрыптау кешендері мен қалдықтарды қайта өңдеу зауыттарын салуға және 1 147 жұмыс орнын құруға бағытталған сомасы 84,8 млрд теңгеге 15 жоба. Жобалардың географиясы Қазақстан Республикасының 13 өңірін қамтиды.



НЕГІЗГІ МАҢЫЗДЫ ОҚИҒАЛАР МЕН ЖЕТІСТІКТЕР

02 ӨКМ әкімшілендіру жүйесін дамыту (EcoQolday)

2025 жылы Қоғам EcoQolday ақпараттық жүйесі арқылы өндірушілердің (импорттаушылардың) кеңейтілген міндеттемелерінің әкімшілендіру жүйесін дамыту жөніндегі жұмысты жалғастырды. Бұдан бөлек, есепті кезеңде әкімшілендірудің ашықтығын арттыруға және ӨКМ жүйесіне қатысушылармен өзара іс-қимылды жақсартуға бағытталған жүйенің жұмыс істеуі қамтамасыз етілді.



Дереккөз: EcoQolday АЖ

03 Цифрландыру және ақпараттық жүйелерді дамыту

2025 ЖЫЛҒЫ НЕГІЗГІ ОҚИҒАЛАРДЫҢ ХРОНОЛОГИЯСЫ

НАУРЫЗ, 2025

2 ақпараттық жүйені өнеркәсіптік пайдалануға беру

App.recycle.kz және EcoQolday ақпараттық жүйелері өнеркәсіптік пайдалануға берілді.

20 ТАМЫЗ, 2025

EcoQolday АЖ-ны ҚР Қаржы министрлігінің «Baqylauda» АЖ-мен интеграциялау

EcoQolday ақпараттық жүйесін Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің «Baqylauda» ақпараттық жүйесімен интеграциялау іске асырылды, бұл деректердің автоматтандырылған алмасуын қамтамасыз етуге және бақылаудың тиімділігін арттыруға мүмкіндік берді.

22 ЖЕЛТОҚСАН, 2025

App.recycle АЖ-ны ҚР Ауыл шаруашылығы министрлігінің «GRST» АЖ-мен интеграциялау

SmartBridge платформасы арқылы App.recycle ақпараттық жүйесін Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің «GRST» ақпараттық жүйесімен интеграциялау іске асырылды.

НЕГІЗГІ МАҢЫЗДЫ ОҚИҒАЛАР МЕН ЖЕТІСТІКТЕР

04 Экологиялық мәдениетті қалыптастыру және қалдықтарды бөлек жинауды дамыту



2025 жылы Қоғам Мемлекет басшысының «Таза Қазақстан» бастамасы аясында экологиялық мәдениетті қалыптастыруға және қалдықтарды бөлек жинау жүйесін дамытуға бағытталған іс-шаралар кешенін іске асырды.

7 мемлекеттік ұлттық табиғи паркте («Сайрам-Өгем», «Баянауыл»,«АлтынЕмел», «Көкшетау», «Қарқаралы», «Іле Алатауы» және «Бурабай») келесі бастамалар жүзеге асырылды:

Бұдан бөлек, Астана және Жезқазған қалаларының 129 мектебінде қалдықтарды басқару саласында білім беру іс-шаралары өткізілді.

Жоба аясында білім беру мекемелерінде қалдықтарды бөлек жинауға арналған 3 291 эко-урна орнатылды.



ІСКЕ АСЫРЫЛҒАН БАСТАМАЛАР

- Парктердің 140-тан астам қызметкерін оқыту
- Бөлек жинауға арналған контейнерлер мен эко-урналар
- Пластик қалдықтарды қабылдауға арналған фандоматтар
- Бөлек жинау бойынша ақпараттық материалдар
- Келушілерге арналған биоыдырайтын пакеттер
- Экологиялық мінез-құлық бойынша видеоматериалдар

БАСТАМАНЫҢ ГЕОГРАФИЯСЫ · 7 ҰЛТТЫҚ ТАБИҒИ ПАРК

Сайрам-Өгем · Баянауыл · Алтын-Емел · Көкшетау · Қарқаралы· Іле-Алатау · Бурабай

140+
парк қызметкері оқытылды

БАСТАМАНЫҢ ГЕОГРАФИЯСЫ· АСТАНА МЕН ЖЕЗҚАЗҒАН ҚАЛАЛАРЫНДАҒЫ 129 МЕКТЕП

Астана қ. 107 мектеп · Жезқазған қ. 22 мектеп

3 291
мектептердегі эко-урна

НЕГІЗГІ МАҢЫЗДЫ ОҚИҒАЛАР МЕН ЖЕТІСТІКТЕР

ИЕСІЗ ҚАУІПТІ ҚАЛДЫҚТАРДЫ БАСҚАРУ БОЙЫНША ЖҰМЫСТАРДЫҢ ГЕОГРАФИЯСЫ

2025 ЖЫЛЫ АҚТАУ ПЛАСТИКАЛЫҚ МАССАЛАР ЗАУЫТЫНЫҢ АУМАҒЫ ИҚҚ-ДАН ТАЗАРТЫЛДЫ



АҒЫМДАҒЫ МӘРТЕБЕСІ

- Жойылғандары — 6
- ЖАО-ға берілгендері — 2
- Іске асырылғандары — 2
- Жойылуға жататындары — 7

Оның ішінде 2 түрінің құрамында ТОР қалдықтары бар

05 Иесіз қауіпті қалдықтар және халықаралық ынтымақтастық

Кодекстің 340-бабының 5-тармағына сәйкес сот шешімі бойынша республикалық меншікке түскен иесіз қауіпті қалдықтарды басқаруды қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті органның ведомстволық бағынысты ұйымы жүзеге асырады.

ҚР Үкіметінің 2012 жылғы 26 шілдедегі № 978 қаулысының 2-тармағының 3) тармақшасына сәйкес сот шешімі бойынша республикалық меншікке түскен иесіз қауіпті қалдықтарды басқару Қоғам қызметінің нысаны ретінде айқындалған.

Иесіз қауіпті қалдықтарды басқару шеңберінде 2025 жылы Қоғам келесі іс-шаралардың орындалуын қамтамасыз етті:

1) Маңғыстау облысының Ақтау қаласындағы бұрынғы Ақтау пластикалық массалар зауытының (бұдан әрі - АПМЗ) аумағында орналасқан қауіпті қалдықтарды жою

2025 жылы 037 «Қоршаған ортаны тұрақтандыру және оның сапасын жақсарту» бюджеттік бағдарламасының 103 «Табиғи және техногендік ластануларды жою» кіші бағдарламасы бойынша АЗПМ-нің қауіпті қалдықтарының 82 түрі кәдеге жаратылды және жойылды, сондай-ақ қалдықтың 1 түрі жойылғанға дейін уақытша сақтау үшін Қостанай облысының Қостанай қаласындағы «Шаруа» ЖШС қоймасына берілді.

АЗПМ-нің иесіз қалған қауіпті қалдықтарын басқару шеңберінде 2025 жылы Қоғам өкілдері қауіпті қалдықтарды қабылдау-тапсыру мақсатында, сондай-ақ жабдықты (қондырғыны), полигонды және қалдықтар бұрын орналастырылған орындарды визуалды тексеруді жүргізу, сондай-ақ оларды кәдеге жаратудың және (немесе) жоюдың кезеңдерінің біріне қатысу үшін баруды жүзеге асырды.

Бүгінгі таңда республикалық меншікке берілген барлық қауіпті қалдықтар АЗПМ аумағынан шығарылды.

НЕГІЗГІ МАҢЫЗДЫ ОҚИҒАЛАР МЕН ЖЕТІСТІКТЕР

2) Чехия Республикасындағы Стокгольм конвенциясының RECETOX өңірлік орталығымен халықаралық ынтымақтастық (бұдан әрі – RECETOX)

2025 жылы Қоғам Жаһандық экологиялық қордың (ЖЭҚ) және Біріккен Ұлттар Ұйымының Қоршаған орта жөніндегі бағдарламасының (ЮНЕП) «Албания, Армения және Қазақстандағы тұрақты органикалық ластағыштар туралы Стокгольм конвенциясының міндеттемелерін орындаудың ұлттық жоспарын шолу және жаңарту» жобасын іске асыруға қатысты.
Жобаны іске асыру мақсатында 2025 жылғы 24 ақпанда Қоғам мен RECETOX арасында ынтымақтастық туралы Келісім жасалды.
Келісімді орындау үшін мемлекеттік органдар мен кәсіпорындардың өкілдерін қоса алғанда, 60-тан астам мүдделі қатысушының қатысуымен тұрақты органикалық ластағыштар туралы Стокгольм конвенциясының міндеттемелерін орындаудың ұлттық жоспарын жаңарту бойынша үш кеңес өткізілді.
RECETOX үш ұлттық кеңесті жоғары кәсіби деңгейде ұйымдастырғаны және өткізгені үшін Қоғамға алғыс білдірді. Хатта қызметкерлердің сапалы әрі үйлесімді жұмысы, іс-шараларды ұйымдастырудың жоғары деңгейі, сондай-ақ Қазақстан Республикасының қауіпті химиялық заттар мен қалдықтарды басқару саласындағы халықаралық міндеттемелерін орындауға Қоғамның қосқан үлесі атап өтілді.

3) «Дарьял-У» КЖО ПХД-қалдықтарын тасымалдау

2025 жылғы 28 тамызда Қоғам, Стокгольм конвенциясының RECETOX өңірлік орталығы және «ЭкоЛюкс-Ас» ЖШС арасында ПХД-қалдықтарды Ақмола облысы Степнягорск қаласындағы «ЭкоЛюкс-Ас» ЖШС қоймасынан Еңбекшілдер ауылындағы (Ақмола облысы Біржан сал ауданы) мамандандырылған объектіге шығару бойынша ынтымақтастық туралы Келісім жасалды.
Жасалған Келісімге сәйкес кейіннен жою үшін «Дарьял-У» КЖО ПХД-қалдықтарын тасымалдау жүзеге асырылды.
2025 жылғы 08 желтоқсанда ҚР ЭТРМ, Қоғам және «ЭкоЛюкс-Ас» ЖШС арасында Жол картасына қол қойылды, оған сәйкес «ЭкоЛюкс-Ас» ЖШС Ақмола облысы Біржан сал ауданының Еңбекшілдер ауылында орналасқан озон қабатын бұзатын заттарды және тұрақты органикалық ластағыштарды термиялық жою және тоңазытқыш пен климаттық жабдықтарды қайта өңдеу жөніндегі өнеркәсіптік кешенде «Дарьял-У» КЖО ПХД-қалдықтарын жоюды жүзеге асыруға міндеттенеді.

MUNI | RECETOX
Stockholm Convention
Regional Centre

Ержан Нұрланұлы Сәрсенбай
Председатель Правления АО «Жасыл даму»,
АО «Жасыл даму»

26 ноября 2025 года

Уважаемый Ержан Нурланулы!

От имени RECETOX выражаем АО «Жасыл даму» искреннюю благодарность за высокую профессиональную организацию и проведение 3–х совещаний запланированных в рамках Проекта ГЭФ «Обзор и обновление Национального плана выполнения обязательств (НПВ) Стокгольмской конвенции о стойких органических загрязнителях (СОЗ) в Албании, Армении и Казахстане», имеющего важное экологическое значение для Казахстана.

Хочу отметить, качественную и чёткую работу сотрудников Департамента по управлению историческими отходами, под руководством Нуржана Кенесбаевича, где были созданы все условия для конструктивного диалога, выработке верных решений и обмена опытом между участниками, обеспечив максимальную результативность.

Представителями Секретариата Базельской, Роттердамской и Стокгольмской конвенций Jitendra Sharma и Agustin Harte, офицера по управлению программами, также были отмечены высокий уровень организации совещания, его результативность и конструктивный характер обсуждения.

Считаю, что обновленный Национальный план выполнения Казахстаном обязательств по Стокгольмской конвенции о стойких органических загрязнителях это большой вклад АО «Жасыл даму» в выполнение международных обязательств в управлении опасными химическими веществами и отходами, который будет способствовать дальнейшему укреплению национального потенциала и устойчивому развитию.

Желаем Вам и вашей организации дальнейших успехов в профессиональной деятельности, новых достижений и реализации значимых инициатив на благо Казахстана.

Надеемся на дальнейшее плодотворное сотрудничество.

С уважением,

Катерина Шебкова,
Директор Национального центра по токсичным соединениям и Регионального центра Стокгольмской конвенции в Чешской Республике, RECETOX

Ұлттық кеңестерді ұйымдастырғаны үшін RECETOX-тың Алғыс хаты, 2025 жыл

НЕГІЗГІ МАҢЫЗДЫ ОҚИҒАЛАР МЕН ЖЕТІСТІКТЕР

06 Шығарындылар саудасы жүйесі және климаттық саясат

ШЫҒАРЫНДЫЛАР САУДАСЫ ЖҮЙЕСІ (ШСЖ)

2025 жылы Қоғам мемлекеттік климаттық саясатты іске асыру шеңберінде Қазақстан Республикасының көміртегі бірліктері саудасы жүйесін сүйемелдеу бойынша жұмысты жалғастырды.
Есепті кезеңде парниктік газдар шығарындыларын талдау, есепке алу және реттеу бөлігінде шығарындылар саудасы жүйесі операторының функцияларын орындау қамтамасыз етілді. Атап айтқанда:

- көміртегі квоталарын дұрыс алу мақсатында квоталанатын қондырғылардың 2024 жылғы өнім өндіру көлемдеріне талдау жүргізілді;
- экономиканың реттелетін секторлары бойынша шығарындыларды бөлу бөлігінде парниктік газдар шығарындыларын түгендеу туралы 2024 жылғы есептерге талдау жүргізілді;
- «Қазақстан Республикасының 2026–2030 жылдарға арналған көміртегі бюджеті жобасы» туралы есеп дайындалды, оған көміртегі квоталарының ұлттық жоспары жобасын әзірлеуге арналған техникалық деректер енгізілді;
- жұртшылықпен гибридті форматта «көміртегі бірліктерін алу» және «2026–2030 жж. арналған көміртегі квоталарының ұлттық жоспары жобасы» тақырыптарында семинарлар ұйымдастырылды және өткізілді;
- көміртегі бірліктерінің мемлекеттік тізілімін және мемлекеттік көміртегі кадастрын қалыптастыру мен жүргізу бойынша есептер дайындалды;
- 2022–2025 жж. арналған ұлттық жоспар шеңберінде 2024 жылғы квоталарды бөлу бойынша талдау дайындалды; қосымша берілген көміртегі квотасының көлемдері туралы ақпарат Қоғамның ресми сайтында орналастырылды.

07 Көміртегі бірліктерінің мемлекеттік тізілімін қалыптастыру және жүргізу

КӨМІРТЕГІ БІРЛІКТЕРІНІҢ МЕМЛЕКЕТТІК ТІЗІЛІМІ

2025 жылы Қоғам Көміртегі бірліктерінің мемлекеттік тізілімін (бұдан әрі – Тізілім) қалыптастыруды және жүргізуді қамтамасыз етті. Есепті кезеңде Тізілімді жүргізу шеңберінде:

- квоталанатын қондырғылар операторларының шоттары бойынша 162 млн көміртегі бірлігі көлемінде көміртегі квоталары бөлінді;
- жаңа квоталанатын қондырғылар операторларына шоттар ашылды, көміртегі квоталарын алғашқы есепке жазу жүргізілді;
- 102 қондырғы (76 оператор) бойынша 11 млн қосымша көміртегі квотасы есепке жазылды;
-129 қондырғыдан 12 млн көміртегі квотасы алынды;
- бір оператордың қондырғылары арасында қайта бөлуді, қайталама нарықта сатып алуды және қосымша квоталар алуды ескере отырып, өтеуге 157 млн көміртегі бірлігі есептен шығарылды;
- жалпы көлемі 5 572 082 көміртегі бірлігі болатын көміртегі бірліктерін сатып алу-сату бойынша 56 тікелей мәміле жасалды;
-Тізілім пайдаланушыларына консультациялық қолдау көрсету қамтамасыз етілді.

56 тікелей мәміле · **көлемі 5 572 082** көміртегі бірлігі

НЕГІЗГІ МАҢЫЗДЫ ОҚИҒАЛАР МЕН ЖЕТІСТІКТЕР

08 Климаттық саясатты модельдеу және техникалық қолдау



Қоғам өкілдерінің халықаралық климаттық сессияға қатысуы

2025 жылы Қоғам шешімдер қабылдау, мемлекеттік климаттық саясатты жетілдіру және іске асыру үшін модельдеу және техникалық қолдау көрсету бойынша жұмыс жүргізді.
038 «Парниктік газдар шығарындыларын азайту» бюджеттік бағдарламасының, 100 «БҰҰ-ның Климаттың өзгеруі туралы негіздемелік конвенциясы мен Киото хаттамасының ережелерін орындау бойынша қызметтер» кіші бағдарламасының іске асырылуы шеңберінде келесі іс-шаралар өткізілді:

- Париж келісімінің 6-бабының нарықтық тетіктерін іске асыру ережелерін әзірлеу үшін қажетті техникалық деректерге талдау жасалды;
- Қазақстанның ШҒКҚТА-ның 62-сессиясына және COP30, CMP20, CMA7 сессияларына қатысуы туралы есептер дайындалды;
- 2030 және 2035 жылдарға арналған ҰОЖ мақсаттарына қол жеткізу үшін парниктік газдар шығарындыларын азайтудың ғылыми негізделген сценарийлері әзірленді.

09 Парниктік газдардың ұлттық инвентаризациясы

2025 жылы Қоғам 038 «Парниктік газдар шығарындыларын азайту» бюджеттік бағдарламасын іске асыру шеңберінде парниктік газдардың ұлттық инвентаризациясын дайындауды қамтамасыз етті. Есепті кезеңде 1990–2023 жылдардағы парниктік газдардың ұлттық инвентаризациясы дайындалды. Инвентаризация қорытындысы бойынша, 2023 жылғы шығарындылар ЖИЗЛХ (Жерді пайдалану, жер санаттарының өзгеруі және орман шаруашылығы) секторын ескере отырып, 349 212,95 мың тонна CO_2-эквивалентін құрады. Осы секторды есепке алмағанда шығарындылар 345 881,76 мың тонна CO_2-эквивалентін құрады. Тұтастай алғанда, 1990 жылдан 2023 жылға дейінгі кезеңде парниктік газдар шығарындылары ЖИЗЛХ секторын ескере отырып 9,4%-ға, ал оны есепке алмағанда 11,38%-ға қысқарды. 2025 жылғы 31 наурыз бен 4 сәуір аралығында 1990–2022 жылдардағы парниктік газдардың ұлттық инвентаризациясына халықаралық ревю жүргізілді. Алдыңғы шолумен салыстырғанда есептіліктің сапасы мен толықтығының айтарлықтай артқаны атап өтілді. Мысалы, 2023 жылы халықаралық сарапшылар тарапынан 300 сұрақ қойылып, оның 197-сі ресми есепке енген болса, 2025 жылы 85 сұрақ қойылып, оның 49-ы техникалық сараптама туралы есепке енгізілді. Бұл нәтиже ұлттық климаттық есептіліктің дайындық, дәлдік және ашықтық деңгейінің артқанын айғақтайды. Қазақстанда өңірлік парниктік газдар инвентаризациясын жүргізуге арналған әдіснама әзірленді. Әдіснама ұсынымдық сипатта болады және өңірлік парниктік газдар (ПГ) шығарындыларының инвентаризациясын жүргізуге арналған. Ол 2006 жылғы МГӘТК (Климаттың өзгеруі жөніндегі үкіметаралық сарапшылар тобы) Басшылық қағидаттарына негізделген және Қазақстан жағдайларына бейімделген. Өңірлік инвентаризация есепті кезеңдегі әкімшілік-аумақтық бірлік шегінде антропогендік шығарындылар мен ПГ сіңірілу көлемдерін анықтау үшін деректерді жинау, өңдеу және талдау бойынша іс-шаралар кешенін білдіреді. Әдістемелік ұсынымдар алты бөлімді қамтиды: есептілікке қойылатын жалпы талаптар, энергетика, өнеркәсіптік процестер және өнімді пайдалану, ауыл шаруашылығы, жерді пайдалану және орман шаруашылығы, қалдықтар. Шығарындыларды есептеу секторлар бойынша жүзеге асырылады, кейіннен әкімшілік-аумақтық бірлік бойынша қосындыланады және нәтижелері массаның нақты бірліктерінде және CO_2-эквивалентіне қайта есептеліп ұсынылады.

АЛДАҒЫ КЕЗЕҢДЕРГЕ АРНАЛҒАН МАҚСАТТАР МЕН ЖОСПАРЛАР

Қоғамның алдағы кезеңдегі қызметінің 5 негізгі бағыты

1) Қалдықтардың барлық түрлерін басқару тұжырымдамасын іске асыру бөлігінде

2025 жылы Қазақстан Республикасында қалдықтардың барлық түрлерін басқарудың кешенді жүйесін қалыптастыруға, қалдықтардың барлық түрлерін қамти отырып басқаруға және циркулярлық экономика қағидаттарына көшуге бағытталған 2026–2030 жылдарға арналған Қалдықтардың барлық түрлерін басқару тұжырымдамасы бекітілді.

Тұжырымдаманы іске асыру шеңберінде алдағы кезеңде қалдықтардың барлық түрлері бойынша деректерді есепке алудың, мониторингілеудің және талдаудың бірыңғай жүйесін қалыптастыруды, сондай-ақ саладағы процестерді үйлестіруді көздейтін қалдықтарды басқару жүйесін, соның ішінде қалдықтарды басқару жөніндегі ұлттық орталықты құру мәселелерін пысықтауды одан әрі дамыту жоспарлануда.

2) Өндірушілердің (импорттаушылардың) кеңейтілген міндеттемелері бөлігінде

Қоғамның қызметі Өндірушілердің кеңейтілген міндеттемелері (ӨКМ) саласындағы мемлекеттік саясатты одан әрі іске асыруға, соның ішінде қалдықтарды басқару инфрақұрылымын дамытуға, сондай-ақ әкімшілендіру процестерін жетілдіруге бағытталатын болады.

3) Климаттық саясат бөлігінде

Алдағы кезеңде жұмыс көміртегі квоталарын аукционға шығаруды және көміртегі нарығының тұрақтылық резерві (MSR) тетігін енгізуге дайындықты, сондай-ақ жүйеге қатысушылар тізбесін кеңейтуді және парниктік газдар шығарындыларының қарқындылығы бенчмарктерін өзектендіруді қоса алғанда, Қазақстан Республикасының көміртегі бірліктерімен сауда жасау жүйесін одан әрі дамыту мен жетілдіруге бағытталады.

Халықаралық ұйымдармен өзара іс-қимыл шеңберінде, соның ішінде Дүниежүзілік банктің «Partnership for Market Implementation» (PMI) бағдарламасына қатысуды қоса алғанда, сараптамалық және консультациялық қолдауды жалғастыру, сондай-ақ көміртегі офсеттерін қарастыру және тиісті сараптамалық қорытындыларды дайындау жоспарлануда.

Бұдан бөлек, нормативтік құқықтық базаны жетілдіру, соның ішінде парниктік газдарды өңірлік түгендеуді енгізу және интеграциялау жөніндегі ұсыныстарды әзірлеу, жергілікті атқарушы органдардың қызметіне парниктік газдарды түгендеуді енгізу, сондай-ақ 1990–2024 жылдардағы парниктік газдарды түгендеу туралы Ұлттық құжат жобасын дайындау бойынша жұмыстар жалғастырылады.

Сонымен қатар, Мемлекет басшысының қатысуымен Астана қаласында Өңірлік экологиялық саммитті өткізуге байланысты іс-шараларды дайындау көзделіп отыр.

4) Цифрлық дамыту бөлігінде

Алдағы кезеңде ақпараттық жүйелердің жұмыс істеу тиімділігі мен тұрақтылығын арттыруға баса назар аудара отырып, Қоғамның цифрлық инфрақұрылымын одан әрі дамыту жоспарлануда.

Негізгі назар қалдықтарды басқару жүйесін дамыту тұжырымдамасын іске асыру шеңберінде «EcoQolday» ААЖ-ді дамыту мен модификациялауға, соның ішінде қалдықтарды басқару жөніндегі қосымша функционалдық модульдерді енгізуге, сондай-ақ серверлік және желілік инфрақұрылымды жаңғыртуға аударылатын болады.

Осымен қатар, киберқауіпсіздік деңгейін арттыру және Қоғамның түйінді цифрлық сервистерінің тұрақты әрі үздіксіз жұмысын қамтамасыз ету бойынша жұмыстар жалғастырылады.

АЛДАҒЫ КЕЗЕҢДЕРГЕ АРНАЛҒАН МАҚСАТТАР МЕН ЖОСПАРЛАР

5) Экологиялық білім беру және экологиялық мәдениет бөлігінде

Қоғам Мемлекет басшысының «Таза Қазақстан» ауқымды республикалық экологиялық акциясын өткізу жөніндегі бастамасын іске асыруға белсенді түрде қатысады. Осы бастаманың мақсаты елдегі экологиялық жағдайды жақсарту ғана емес, сонымен бірге азаматтарда экологиялық жауапты ойлауды қалыптастыру, ой мен ниеттің тазалығын қолдау, патриотизмді нығайту, табиғатқа ұқыпты қарау мәдениетін дамыту, сондай-ақ халықтың қоршаған ортаны қорғау мәселелеріне қатысуын жандандыру болып табылады.

Алдағы кезеңде қалдықтарды бөлек жинау және экологиялық инфрақұрылымды дамыту практикасын кеңейтуді қоса алғанда, экологиялық мәдениетті қалыптастыру жөніндегі жобаларды одан әрі дамыту жоспарлануда.

Білім беру мекемелерін қамтуды кеңейтуге, қалдықтармен жұмыс істеу саласындағы ағартушылық іс-шараларды өткізуге, сондай-ақ білім алушыларды қалдықтарды бөлек жинау практикасына тартуға ерекше назар аударылатын болады.

Жұмыс Қазақстан Республикасының аумағында бұрын іске асырылған пилоттық жобаларды ауқымдандыруға бағытталады.

Аталған іс-шараларды іске асыру экологиялық мәдениетті қалыптастыруға, қалдықтармен жұмыс істеу жүйесін дамытуға және орнықты даму мақсаттарына қол жеткізуге ықпал ететін болады.



ТӘУЕКЕЛДЕРДІ БАСҚАРУ ЖӘНЕ ІШКІ БАҚЫЛАУ ЖҮЙЕСІ

Қоғамда стратегиялық және операциялық мақсаттарға қол жеткізуге әсер ететін тәуекелдерді анықтауға, бағалауға, басқаруға және олардың мониторингіне кешенді көзқарасты қамтамасыз ететін тәуекелдерді басқару мен ішкі бақылаудың интеграцияланған жүйесі жұмыс істейді.

Тәуекелдерді басқару жүйесі Қоғамның орнықты дамуын қамтамасыз етуге, активтердің сақталуын, бизнес-процестердің тиімділігін арттыруға және Қазақстан Республикасы заңнамасының және ішкі нормативтік құжаттардың талаптарын сақтауға бағытталған.

Тәуекелдерді басқару тұрақты негізде жүзеге асырылады және корпоративтік басқару жүйесінің ажырамас бөлігі болып табылады. Тәуекелдерді бағалау нәтижелері даму стратегиясын қалыптастыру, басқарушылық және инвестициялық шешімдерді қабылдау, сондай-ақ Қоғам қызметін жоспарлау кезінде ескеріледі.

№3 кесте. Қоғамның тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау жүйесінің қағидаттары

Тәуекелдерді басқару процесінің қағидаттары	Ішкі бақылау жүйесінің қағидаттары
1) Кешенділік	1) Кешенділік
2) Ұйымдастырушылық процестерге интеграциялау	2) Жауапкершілік
3) Ақпараттандырылу	3) Міндеттерді бөлу
4) Үздіксіздік және тұрақты жетілдіру	4) Бақылау мүмкіндігі
5) Қатысу	5) Тиімділік
6) Экономикалық мақсатқа сәйкестік	6) Әдеп нормаларын сақтау
7) Ресурстардың жеткіліктілігі	7) «Жоғарыдан берілетін үлгі»
	8) Бақылау рәсімдерінің құны мен құндылығының барабарлығы
	9) Үздіксіз даму және жетілдіру

Қоғамның тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау жүйесі корпоративтік басқару қағидаттарына және өкілеттіктерді аражіктеуді, бақылау функцияларының тәуелсіздігін және тәуекелдерді басқаруға кешенді көзқарасты қамтамасыз ететін «үш қорғаныс шебі» моделіне сәйкес құрылған.

Процеске Директорлар кеңесі (Аудит және тәуекелдерді басқару жөніндегі комитетті қоса алғанда), Басқарма, Тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау қызметі, құрылымдық бөлімшелер — тәуекел иелері, Комплаенс-қызмет және Ішкі аудит қызметі тартылған.

Бірінші деңгей

Тәуекелдерді басқару жүйесінің бірінші деңгейі Директорлар кеңесінен тұрады. Директорлар кеңесі Қоғам дамуының стратегиялық бағыттарын айқындайды, қызметтің мақсаттары мен негізгі көрсеткіштерін белгілейді, тәуекел-аппетитті бекітеді және тәуекелдерді басқару мен ішкі бақылау жүйелерінің жұмыс істеуін жалпы басқаруды жүзеге асырады.

Аудит және тәуекелдерді басқару жөніндегі комитет тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау саласындағы мәселелерді алдын ала қарауды жүзеге асырады және Директорлар кеңесі үшін ұсынымдар әзірлейді.



Екінші деңгей

Екінші деңгей Қоғам Басқармасынан тұрады. Басқарма тәуекелдерді басқару жүйесінің құрылуын және тиімді жұмыс істеуін қамтамасыз етеді, Директорлар кеңесі бекіткен қызметтің стратегиялық бағыттарын іске асыруды ұйымдастырады, тәуекелдерді басқару мен ішкі бақылау саласындағы ішкі рәсімдер мен әдістемелерді бекітеді, сондай-ақ олардың қолданылуын бақылауды жүзеге асырады.

Үшінші деңгей

Тәуекелдерді басқару жүйесінің үшінші деңгейі Қоғамның құрылымдық бөлімшелері деңгейінде қалыптасқан. Бөлімшелер тәуекелдердің иелері және бизнес-процестердің иелері бола отырып, өз қызметі шеңберінде тәуекелдерді сәйкестендіруді, бағалауды және басқаруды жүзеге асырады, оларды барынша азайту бойынша іс-шаралардың іске асырылуын қамтамасыз етеді және туындаған елеулі тәуекелдер туралы уақтылы хабардар етеді.

Тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау қызметі тәуекелдерді сәйкестендіру және бағалау процестерін үйлестіреді, тәуекелдер картасын қалыптастырады және өзектендіреді, әдістемелік сүйемелдеуді және бақылау рәсімдерінің тиімділігіне мониторингті жүзеге асырады.

Комплаенс-қызмет заңнама талаптары мен ішкі нормативтік құжаттардың сақталуын бақылауды қамтамасыз етеді.

Ішкі аудит қызметі тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау жүйесінің тиімділігін тәуелсіз бағалауды жүзеге асырады және тексеру нәтижелерін Директорлар кеңесіне ұсынады.

ТӘУЕКЕЛДЕРДІ ЖІКТЕУ

Тәуекелдердің туындау факторларына байланысты Қоғамдағы тәуекелдер келесі санаттар бойынша жіктеледі:



1. Стратегиялық тәуекелдер – Қоғамның даму стратегиясын айқындау мен іске асыру кезіндегі кемшіліктер немесе қателіктер, саяси ортаның, өңірлік конъюнктураның өзгеруі, салалық құлдырау және жүйелі сипаттағы басқа да сыртқы факторлар салдарынан шығындардың туындау тәуекелдері.



2. Экологиялық тәуекелдер – қоршаған ортадағы қолайсыз өзгерістер салдарынан Қоғамның негізгі мақсаттарының орындалмау, кірістен айырылу немесе шығындардың туындау ықтималдығы.



3. Қаржылық тәуекелдер – Қоғамның капитал құрылымымен, қаржылық жай-күйімен, валюта бағамдары мен пайыздық мөлшерлемелердің құбылуымен байланысты тәуекелдер.



4. Операциялық тәуекелдер – ішкі процестерді, қызметкерлердің іс-әрекеттерін жүзеге асыру, ақпараттық жүйелер мен технологиялардың жұмыс істеуі барысындағы кемшіліктер немесе қателіктер салдарынан, сондай-ақ сыртқы оқиғалардың әсерінен шығындардың туындау тәуекелдері.



5. Құқықтық тәуекелдер – Қоғамның немесе контрагенттің Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарын, сондай-ақ жасалған шарттардың талаптарын сақтамауы салдарынан кірістен айырылу немесе шығындардың туындау, сот талап-арыздарының берілу ықтималдығы.

ТӘУЕКЕЛДЕРДІ БАСҚАРУ ЖҮЙЕСІН ДАМЫТУ ЖӨНІНДЕГІ ІС-ШАРАЛАР

Қоғамда тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау жүйесін одан әрі дамыту мен жетілдіру мақсатында 2025 жылы келесі іс-шаралар өткізілді:

- оларды азайту жөніндегі іс-шаралар жоспарымен бірге 2025 жылға арналған тәуекелдер картасы мен тізілімі әзірленіп, бекітілді;

- қаржылық есептілікті қалыптастыру, қазынашылық операциялар бойынша, Қоғамның контрагент-банктеріне лимиттер белгілеу бойынша процестер, сондай-ақ Қоғамның мемлекеттік сатып алуларды жүзеге асыру процесі бойынша тәуекелдер мен бақылау матрицалары әзірленіп, бекітілді;

- Қоғамның контрагент-банктеріне арналған лимиттер өзектендірілді;

- Директорлар кеңесіне есептерді ұсына отырып, тоқсан сайынғы негізде тәуекел-аппетит пен толеранттылық көрсеткіштерінің өзгеруіне әсер ететін тәуекел факторларына бақылау жүзеге асырылады;

- ай сайынғы негізде контрагент-банктердің лимиттерін сақтауды қадағалау бойынша іс-шаралар жүргізіледі;

- тәуекел-мәдениетті жетілдіру мақсатында Қоғамның жаңадан қабылданған қызметкерлері үшін «Қоғамдағы тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау жүйесі» тақырыбында ішкі оқыту мен тестілеу өткізілді;

- тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау қызметінің қызметкерлері «IPMA D деңгейлі сертификатталған жоба менеджері» сертификатын ала отырып, «Жобаларды басқару» тақырыбында оқудан өтті, сондай-ақ CFA сертификаттауға дайындық курсынан өтті;

- комплаенс-қызметтің қызметкерлері комплаенс саласындағы өзекті үрдістермен танысу және озық тәжірибелерді енгізу жөніндегі іс-шараларға қатысты.

Тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау жүйесін одан әрі дамыту мен жетілдіру жөніндегі жұмыс жалғастырылатын болады.

КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ

Қоғам корпоративтік басқаруды Қоғам қызметінің тиімділігін арттыру, транспаренттілік пен есептілікті қамтамасыз ету, оның беделін нығайту құралы ретінде қарастырады. Корпоративтік басқару жүйесі Қоғамның органдары, лауазымды тұлғалары мен қызметкерлері арасында өкілеттіктер мен жауапкершілікті шектеуді көздейді.

Корпоративтік басқару құрылымы

Корпоративтік басқару құрылымы Қоғам қызметіне мүдделі барлық тұлғалардың құқықтары мен мүдделерін құрметтеуге негізделеді және Қоғамның табысты қызметіне, соның ішінде оның құнының өсуіне, қаржылық тұрақтылығы мен кірістілігін қолдауға ықпал етеді.

Корпоративтік басқару құрылымы шеңберінде Қоғам органдары арасындағы міндеттерді бөлу анықталады, корпоративтік басқару процестерінің жүйелілігі мен дәйектілігі қамтамасыз етіледі.

ҚОҒАМ ОРГАНДАРЫ · ЖАРҒЫНЫҢ 10.1 ТАРМАҒЫ

1 **Жалғыз акционер**
ЖОҒАРЫ ОРГАН

2 **Директорлар кеңесі**
БАСҚАРУ ОРГАНЫ

3 **Басқарма**
АТҚАРУШЫ ОРГАН

4 **Ішкі аудит қызметі**
ҚОҒАМНЫҢ ҚАРЖЫ-ШАРУАШЫЛЫҚ ҚЫЗМЕТІНЕ БАҚЫЛАУДЫ ЖҮЗЕГЕ АСЫРАТЫН ОРГАН

5 **Басқа да органыдар**
ҚР НОРМАТИВТІК ҚҰҚЫҚТЫҚ АКТІЛЕРІНЕ СӘЙКЕС

ЖАЛҒЫЗ АКЦИОНЕР

МЕМЛЕКЕТ

ҚР Экология және табиғи ресурстар министрлігі (ҚР ЭТРМ) тұлғасында

31.12.2025 ЖЫЛҒЫ ЖАҒДАЙ БОЙЫНША ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІНІҢ ҚҰРАМЫ

7 **директорлар кеңесінің мүшесі**

57% — тәуелсіз директорлар болып табылады

05.02.2025 · ҚҰРАМДЫ ҚАЙТА САЙЛАУ

ҚР ЭТРМ бұйрығымен өкілеттіктердің жаңа мерзіміне · «Акционерлік қоғамдар туралы» ҚР Заңының 54-бабы 5-тармағына сәйкес

ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІ



Шарбиев Нуркен Кожамуратович

Қоғамның Директорлар кеңесінің төрағасы (2023 жылғы 8 маусымнан бастап)

1976 туған. Қазақстан Республикасының азаматы.

Білімі: Экономика және менеджмент саласындағы жоғары білім.

Жұмыс тәжірибесі мемлекеттік басқару жүйесінде, квазимемлекеттік және коммерциялық секторларда 28 жылдан астам.

Аффилирленген ұйымдардың тиесілі акцияларының саны мен үлесі: иелік етпейді.



Сәрсенбай Ержан Нұрланұлы

Қоғамның Директорлар кеңесінің мүшесі (2022 жылғы 29 сәуірден бастап)

1980 жылы туған. Қазақстан Республикасының азаматы.

Білімі: Экономика және менеджмент саласындағы жоғары білім.

Жұмыс тәжірибесі: мемлекеттік басқару жүйесінде және квазимемлекеттік секторда 24 жылдан астам.

Аффилирленген ұйымдардың тиесілі акцияларының саны мен үлесі: иелік етпейді.



Адильбеков Нурмахан Абылкасымович

Қоғамның Директорлар кеңесінің мүшесі (2024 жылғы 16 тамыздан бастап)

1973 жылы туған. Қазақстан Республикасының азаматы.

Білімі: Жоғары гуманитарлық-заңгерлік білім.

Жұмыс тәжірибесі мемлекеттік басқару жүйесінде және квазимемлекеттік секторда 21 жылдан астам.

Аффилирленген ұйымдардың тиесілі акцияларының саны мен үлесі: иелік етпейді.



Омаров Камбар Татибаевич

Қоғамның Директорлар кеңесінің мүшесі, тәуелсіз директор (2022 жылғы 29 сәуірден бастап)

1975 жылы туған. Қазақстан Республикасының азаматы.

Білімі: Экономика ғылымдарының кандидаты.

Жұмыс тәжірибесі мемлекеттік басқару жүйесінде, квазимемлекеттік және коммерциялық секторларда 28 жылдан астам.

Аффилирленген ұйымдардың тиесілі акцияларының саны мен үлесі: иелік етпейді.

ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІ



Шаекин Рауан Михайлович

Қоғамның Директорлар кеңесінің мүшесі, тәуелсіз директор (2022 жылғы 29 сәуірден бастап)

1962 жылы туған. Қазақстан Республикасының азаматы.

Білімі: Жоғары экономикалық білім және халықаралық қатынастар. Заң ғылымдарының кандидаты.

Жұмыс тәжірибесі мемлекеттік басқару жүйесінде және коммерциялық секторда 46 жылдан астам. Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің депутаты болған.

Аффилирленген ұйымдардың тиесілі акцияларының саны мен үлесі: иелік етпейді.



Шаймардан Санжар Ерболулы

Қоғамның Директорлар кеңесінің мүшесі, тәуелсіз директор (2024 жылғы 21 ақпаннан бастап)

1978 жылы туған. Қазақстан Республикасының азаматы.

Білімі: Жоғары экономикалық білім, сондай-ақ саясаттану және құқық саласындағы білім.

Жұмыс тәжірибесі мемлекеттік басқару жүйесінде, квазимемлекеттік және коммерциялық секторларда 27 жылдан астам.

Аффилирленген ұйымдардың тиесілі акцияларының саны мен үлесі: иелік етпейді.



Шильдебаева Асель Дулатовна

Қоғамның Директорлар кеңесінің мүшесі, тәуелсіз директор (2022 жылғы 29 сәуірден бастап)

1978 жылы туған. Қазақстан Республикасының азаматы.

Білімі: Жоғары заңгерлік білім, сондай-ақ бухгалтерлік есеп және аудит.

Жұмыс тәжірибесі мемлекеттік басқару жүйесінде, квазимемлекеттік және коммерциялық секторларда 22 жылдан астам. Құқық, қаржы, корпоративтік басқару мәселелері бойынша сарапшы болып табылады. Медиаменеджер.

Аффилирленген ұйымдардың тиесілі акцияларының саны мен үлесі: иелік етпейді.

Қоғамның Директорлар кеңесі құрамына экология және корпоративтік басқару саласындағы халықаралық тәжірибесі бар мемлекеттік басқару және қаржы саласының кәсіби мамандары кіреді. Директорлар кеңесі басқарудың тиімділігін бақылауды жүзеге асырады, даму стратегиясы мен жоспары бойынша шешімдер қабылдайды, сондай-ақ ішкі бақылау мен тәуекелдерді басқару тетіктерінің тиімділігіне талдау жүргізеді.

Есепті кезеңде Қоғамның Директорлар кеңесі стратегиялық дамуды, Қоғам қызметін бақылау мен бағалауды, тәуекелдерді басқаруды, кадрлық шешімдерді, ішкі құжаттарды жетілдіруді қамтитын мәселелердің кең ауқымын, сондай-ақ еншілес ұйымдарды қайта ұйымдастыру, инвестициялық саясат, Қоғамның ірі мәмілелер жасасуы және таза кірісті бөлу мәселелерін қарастырды.

Директорлар кеңесінің шешімдері 2025 жылы Қоғамның одан әрі қалыптасуы мен дамуына ықпал етті.

ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІ МЕН КОМИТЕТТЕРДІҢ ҚЫЗМЕТТЕРІ

2025 жылы Қоғамның Директорлар кеңесі 18 бетпе-бет отырыс өткізді. Отырыстар барысында Қоғам қызметіне қатысты 121 мәселе қаралды.

БЕТПЕ-БЕТ ӨТКІЗІЛГЕН ОТЫРЫСТАР САНЫ

18

ҚАРАЛҒАН МӘСЕЛЕЛЕР САНЫ

121

ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІ МӘСЕЛЕЛЕРІНІҢ ҚҰРЫЛЫМЫ



ҚОҒАМНЫҢ ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІНІҢ КОМИТЕТТЕРІ

Қоғамның Директорлар кеңесі комитеттерді құру туралы шешімдер қабылдайды, олардың дербес және сандық құрамын, төрағаларын, өкілеттік мерзімін, сондай-ақ функциялары мен жұмыс тәртібін айқындайды.
Аса маңызды мәселелерді қарау және Директорлар кеңесіне ұсынымдар дайындау үшін Қоғамда келесі комитеттер жұмыс істейді: Стратегиялық жоспарлау жөніндегі комитет, Аудит және тәуекелдерді басқару жөніндегі комитет, Кадрлар, сыйақылар және әлеуметтік мәселелер жөніндегі комитет.
Комитеттер Қоғамның Директорлар кеңесінің консультативтік-кеңесші органдары болып табылады.

1.Стратегиялық жоспарлау жөніндегі комитет (бұдан әрі – СЖК) келесі мәселелер бойынша Қоғамның Директорлар кеңесіне ұсынымдар әзірлеу және ұсыну мақсатында құрылды:
− қызметтің (дамудың) басым бағыттарын, стратегиялық мақсаттарды (даму стратегиясын) әзірлеу;

№4 кесте. 2025 жылғы комитеттердің қызметі

Директорлар кеңесінің комитеттері	Отырыстар саны	Қаралған мәселелер саны
СЖК	17	53
АТБК	10	43
КСӘМК	8	19

2025 жылы СЖК 17 отырыс өткізді, оларда СЖК құзыреті шеңберіндегі мәселелер қаралып, Қоғамның Директорлар кеңесіне тиісті ұсынымдар берілді.
2. Аудит және тәуекелдерді басқару жөніндегі комитет (бұдан әрі – АТБК) келесі мәселелер бойынша Қоғамның Директорлар кеңесіне ұсынымдар әзірлеу және ұсыну мақсатында құрылды:
− Қоғамның қаржы-шаруашылық қызметіне тиімді бақылау жүйесін орнату (соның ішінде қаржылық есептіліктің толықтығы мен сенімділігін қадағалау);
− ішкі бақылау және тәуекелдерді басқару жүйесінің сенімділігі мен тиімділігіне мониторинг жүргізу;
− сыртқы және ішкі аудиттің тәуелсіздігін бақылау;
− Қазақстан Республикасы заңнамасының және Қоғамның ішкі құжаттарының талаптарын сақтау.
2025 жылы АТБК 10 отырыс өткізді, оларда Қоғамның Ішкі аудит қызметінің, Комплаенс-қызметінің, Тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау қызметінің мәселелері қаралды. АТБК Қоғамның Директорлар кеңесіне тиісті ұсынымдар берді.
3. Кадрлар, сыйақылар және әлеуметтік мәселелер жөніндегі комитет (бұдан әрі – КСӘМК) келесі мәселелер бойынша Директорлар кеңесіне ұсынымдар әзірлеу және ұсыну мақсатында құрылды:
− Қоғамның Директорлар кеңесі мүшелерін сайлау, олардың қызметін бағалау, сондай-ақ тәуелсіз директорлыққа кандидаттардың сыйақы мөлшері бойынша ұсыныстар дайындау;
--- Қоғамның ішкі құжаттарына сәйкес Басқарма құрамына және өзге де лауазымдарға кандидаттарды сайлау (тағайындау);
− Қоғамның ішкі құжаттарына сәйкес Басқарма мүшелеріне, сондай-ақ өзге де қызметкерлерге уәждемелік негізгі қызмет көрсеткіштерін белгілеу;
− Қоғамның ішкі құжаттарына сәйкес сыйақы беру, сондай-ақ кадр мәселелерін қарау, соның ішінде Басқарма мүшелерінің құрамына тағайындау мен өзгерістер енгізу, Корпоративтік хатшыны, Ішкі аудит қызметі мен Комплаенс-қызметті тағайындау және ауыстыру.
2025 жылы КСӘМК 8 отырыс өткізді, оларда КСӘМК құзыреті шеңберіндегі мәселелер қаралып, Қоғамның Директорлар кеңесіне тиісті ұсынымдар берілді.

ҚОҒАМНЫҢ ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІНІҢ КОМИТЕТТЕРІ

2025 жылы ККВСВ (Кадрлар, сыйақылар және әлеуметтік мәселелер жөніндегі комитет) өз құзыреті шеңберінде мәселелер қаралған 8 отырыс өткізді және Қоғамның Директорлар кеңесіне тиісті ұсынымдар берді.

№5 кесте. Қоғамның Директорлар кеңесі Комитеттерінің құрамы

ТАӘ	СЖК	АжТБ	ККВСВ
Шаекин Р.М.	Комитет төрағасы	Комитет мүшесі	Комитет мүшесі
Шильдебаева А.Д.	Комитет мүшесі	Комитет мүшесі	Комитет төрағасы
Омаров К.Т.	Комитет мүшесі	Комитет төрағасы	Комитет мүшесі
Шаймардан С.Е.	Комитет мүшесі	Комитет мүшесі	Комитет мүшесі

Корпоративтік басқару принциптеріне сәйкестік туралы ақпарат

2025 жылы Қоғамның қызметі басқару органдары қызметінің тиімділігін, ашықтықты, есептілікті қамтамасыз етуге және Жалғыз акционердің құқықтарын қорғауға бағытталған корпоративтік басқару принциптері мен ережелеріне сәйкес жүзеге асырылды.
Есепті жылы Қоғамның Корпоративтік басқару кодексі өзектендіріліп, Қазақстан Республикасы Экология және табиғи ресурстар министрінің 2025 жылғы 5 желтоқсандағы № 332-Ө бұйрығымен бекітілді.
Қоғам басқару жүйесін дамытуды, шешімдер қабылдау процестерін жетілдіруді және мүдделі тараптармен өзара іс-қимыл сапасын арттыруды қамтамасыз ете отырып, Корпоративтік басқару кодексінің ережелерін дәйекті түрде енгізіп келеді.

Корпоративтік басқару принциптеріне сәйкестік туралы ақпарат

2025 жылы Қоғамда сыртқы консультант — «Позитив НС» ЖШС-ні тарта отырып, корпоративтік басқаруға тәуелсіз бағалау жүргізілді. Бағалау Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына сәйкес, сондай-ақ халықаралық стандарттар мен озық тәжірибелерді, соның ішінде Экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымының (ЭЫДҰ) Корпоративтік басқару принциптерін ескере отырып жүзеге асырылды.

Бағалау нәтижелері бойынша Қоғамның корпоративтік басқару жүйесі АА («кемелділіктің жоғары деңгейі») жалпы рейтингіне ие болды, бұл корпоративтік жүйенің толысқанын, Директорлар кеңесі мен атқарушы орган қызметінің тиімділігін, сондай-ақ ашықтық пен есептіліктің жоғары деңгейін көрсетеді.

Корпоративтік басқаруды тәуелсіз бағалау нәтижелері

Бағалау бағыты	Рейтинг
Директорлар кеңесі мен атқарушы органның тиімділігі	**AA**
Тәуекелдерді басқару, ішкі бақылау және аудит	**AA**
Тұрақты даму (ESG)	**BBB/A**
Жалғыз акционердің құқықтары	**AA**
Жалпы рейтинг	**AA**

Бағалау қорытындысы бойынша алдағы дамудың негізгі бағыттары айқындалды, оның ішінде:
- Қоғамның тұрақты даму жүйесін дамыту;
- тұрақты даму көрсеткіштерін стратегиялық басқару жүйесіне интеграциялау;
- халықаралық стандарттарға сәйкес қаржылық емес есептілікті дамыту;
- ақпаратты ашу және мүдделі тараптармен өзара іс-қимыл жасау процестерін жетілдіру.

Корпоративтік басқару принциптері мен ережелерінің сақталуы туралы ақпарат осы Есепке қоса беріледі.

АТҚАРУШЫ ОРГАН (БАСҚАРМА)

Қоғамның Директорлар кеңесінің 2022 жылғы 29 шілдедегі шешімімен (№ 8 хаттама) бекітілген Қоғам Басқармасы туралы ереженің 7, 8-тармақтарына сәйкес Басқарманың сандық құрамын, мүшелерінің өкілеттік мерзімін айқындау, Басқарма мүшелерін сайлау, сондай-ақ олардың өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату, лауазымдық айлықақыларының мөлшерін және Қоғам Жарғысына сәйкес еңбекке ақы төлеу мен сыйлықақы беру шарттарын белгілеу Директорлар кеңесінің айрықша құзыретіне жатады.

Қоғам Басқармасының Төрағасы Басқармаға басшылық етеді және Қоғам қызметінің сапасы мен тиімділігі үшін Жалғыз акционер белгілеген қызмет мақсаттарына, Қоғам Жарғысына сәйкес жауапты болады. Басқарма Төрағасын Жалғыз акционер тағайындайды, Басқарма мүшелерін Директорлар кеңесі сайлайды.

Қоғам Жарғысына сәйкес Қоғамның ағымдағы қызметіне басшылықты атқарушы орган — Басқарма жүзеге асырады. Басқарма «Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасының Заңымен, Қазақстан Республикасының өзге де заңнамалық актілерімен және Қоғам Жарғысымен Қоғамның басқа органдары мен лауазымды тұлғаларының құзыретіне жатқызылмаған Қоғам қызметінің кез келген мәселелері бойынша шешімдер қабылдауға құқылы.

Қоғам Жарғысының 13.1–1-тармағына сәйкес Басқарма Төрағасы мен Басқарма мүшелерін сайлау, өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату мәселелері бойынша шешімді «Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасының Заңында және Қоғам Жарғысында белгіленген құзыретке сәйкес Қоғамның уәкілетті органдары қабылдайды.

Басқарманың жұмыс тәртібі, соның ішінде отырыстарды шақыру, дайындау және өткізу тәртібі Директорлар кеңесі бекітетін Басқарма туралы ережемен белгіленеді.

1. Басқарма Төрағасы мен мүшелерінің функциялары, құқықтары мен міндеттері Қазақстан Республикасының заңнамасымен, Қоғам Жарғысымен, Басқарма туралы ережемен, сондай-ақ көрсетілген тұлғалардың Қоғаммен жасасатын еңбек шарттарымен айқындалады.

2. Басқарма Қоғамның алқалы атқарушы органы болып табылады.

Қоғам Жарғысының 13-тарауына сәйкес атқарушы органның отырыстарын өткізуге арналған кворум атқарушы орган мүшелері санының кемінде үштен екісін құрайды. Атқарушы органның әрбір мүшесі 1 дауысқа ие болады. Атқарушы органның шешімдері оның отырысқа қатысушы мүшелері дауыстарының қарапайым көпшілігімен қабылданады.

Дауыстар тең болған жағдайда Басқарма Төрағасының немесе атқарушы органның отырысында төрағалық етуші тұлғаның дауысы шешуші болып табылады.

Атқарушы орган отырысының қорытындысы бойынша хаттама жасалады, онда қабылданған барлық шешімдер мен атқарушы органның қатысып отырған мүшелерінің дауыс беру нәтижелері, сондай-ақ қатыспаған мүшелер туралы ақпарат пен қатыспау себептері көрсетіледі. Хаттамаға атқарушы органның осы отырысқа қатысқан барлық мүшелері қол қояды.

Қоғам Басқармасының Төрағасы басқа заңды тұлғаның атқарушы органының басшысы немесе атқарушы органның функцияларын жеке-дара жүзеге асыратын тұлға лауазымын иеленуге құқылы емес. Басқарма мүшесі басқа ұйымдарда тек Директорлар кеңесінің келісімімен ғана жұмыс істей алады.

Қоғам Басқармасының құрамындағы өзгерістер

2025 жылы Басқарма құрамында мынадай өзгерістер болды:

30.05.2025 · ЛАУАЗЫМЫНАН БОСАТУ
Диканбаева М.Ж. Басқарма Төрағасының орынбасары, Басқарма мүшесі лауазымынан босатылды.

14.07.2025 · ТАҒАЙЫНДАУ
Даутов Д.А. Басқарма Төрағасының орынбасары, Басқарма мүшесі болып тағайындалды.

Басқарма қызметі туралы есеп

2025 жылы Басқарманың 61 отырысы өткізіліп, 338 мәселе қаралды. Қаралған барлық мәселелер бойынша шешімдер қабылданды.

БАСҚАРМА ҚҰРАМЫ



Сәрсенбай Ержан Нұрланұлы

Қоғамның Директорлар кеңесінің мүшесі, Басқарма Төрағасы (2022 жылғы сәуірден бастап)

ТУҒАН ЖЫЛЫ ЖӘНЕ АЗАМАТТЫҒЫ
1980 жылы туған, Қазақстан Республикасының азаматы

БІЛІМІ
Экономика және менеджмент саласындағы жоғары білім

ЖҰМЫС ТӘЖІРИБЕСІ
Мемлекеттік басқару жүйесінде және квазимемлекеттік секторда 24 жылдан астам жұмыс тәжірибесі бар.

НЕГІЗГІ ҚЫЗМЕТТЕРІ МЕН ӨКІЛЕТТІЛІКТЕРІ

1) Басқармаға басшылық етеді, Басқарма отырыстарын шақырады;
2) Жалғыз акционер мен Директорлар кеңесі шешімдерінің орындалуын ұйымдастырады;
3) үшінші тұлғалармен қарым-қатынаста Қоғам атынан сенімхатсыз әрекет етеді, соның ішінде Қоғам атынан операциялар мен мәмілелер жасайды, мемлекеттік, халықаралық, қаржылық және басқа да ұйымдарда Қоғамның мүдделерін білдіреді;
4) үшінші тұлғалармен қарым-қатынаста Қоғамның мүдделерін білдіру құқығына сенімхаттар береді;
5) Басқарма мүшелері мен ұйымдастырушылық-өкімдік және әкімшілік-шаруашылық функцияларды жүзеге асыратын қызметкерлер арасында өкілеттіктер мен жауапкершілік аясын бөледі.

АФФИЛИРЛЕНГЕН ҰЙЫМДАРДЫҢ АКЦИЯЛАРЫ
Аффилирленген ұйымдардың тиесілі акцияларының саны мен үлесі: иелігінде жоқ.



Кабдолданов Нуржан Кенесбаевич

Басқарма Төрағасының орынбасары, Басқарма мүшесі (2022 жылғы ақпаннан бастап)

ТУҒАН ЖЫЛЫ ЖӘНЕ АЗАМАТТЫҒЫ
1978 жылы туған, Қазақстан Республикасының азаматы

БІЛІМІ
Жоғары заңгерлік және экономикалық білім

ЖҰМЫС ТӘЖІРИБЕСІ
Мемлекеттік басқару жүйесінде, квазимемлекеттік секторда және коммерциялық ұйымдарда 27 жылдан астам жұмыс тәжірибесі бар.

НЕГІЗГІ ҚЫЗМЕТІ МЕН ӨКІЛЕТТІКТЕРІ

1) сот шешімі бойынша республикалық меншікке өткен иесіз қауіпті қалдықтарды басқару;
2) өндірушілердің (импорттаушылардың) кеңейтілген міндеттемелері қолданылатын өнімнің (тауарлардың) тұтынушылық қасиеттері жоғалғаннан кейін түзілетін қалдықтарды (қаптама, автокомпоненттер, электрондық және электрлік жабдықтардың қалдықтары) жинауды, тасымалдауды, қайта пайдалануға дайындауды, сұрыптауды, өңдеуді, залалсыздандыруды және (немесе) кәдеге жаратуды ұйымдастыру;
3) бұқаралық ақпарат құралдары өкілдерінің сұрау салуларына, хаттарына және өтініштеріне ресми жауаптар дайындау.

АФФИЛИРЛЕНГЕН ҰЙЫМДАРДЫҢ АКЦИЯЛАРЫ
Аффилирленген ұйымдардың тиесілі акцияларының саны мен үлесі: иелігінде жоқ.

БАСҚАРМА ҚҰРАМЫ



Досымбеков Данияр Куттибекович

Басқарма Төрағасының орынбасары, Басқарма мүшесі (2022 жылғы наурыздан бастап)

ТУҒАН ЖЫЛЫ ЖӘНЕ АЗАМАТТЫҒЫ
1981 жылы туған, Қазақстан Республикасының азаматы

БІЛІМІ
Жоғары заңгерлік, мемлекеттік басқару магистрі

ЖҰМЫС ТӘЖІРИБЕСІ
Мемлекеттік қызметтегі әртүрлі лауазымдарда 22 жылдан астам жұмыс тәжірибесі бар.

НЕГІЗГІ ҚЫЗМЕТТЕРІ МЕН ӨКІЛЕТТІЛІКТЕРІ
1) Қоғам қызметін құқықтық сүйемелдеу;
2) Қоғамның талап-арыз жұмысы;
3) стратегиялық жоспарлау және жиынтық-талдау жұмысы.

АФФИЛИРЛЕНГЕН ҰЙЫМДАРДЫҢ АКЦИЯЛАРЫ
Аффилирленген ұйымдардың тиесілі акцияларының саны мен үлесі: иелігінде жоқ



Даутов Дархан Алтаевич

Басқарма Төрағасының орынбасары, Басқарма мүшесі (2025 жылғы шілдеден бастап)

ТУҒАН ЖЫЛЫ ЖӘНЕ АЗАМАТТЫҒЫ
1980 жылы туған, Қазақстан Республикасының азаматы

БІЛІМІ
Жоғары экономикалық, іскерлік әкімшілендіру магистрі, мемлекеттік саясат магистрі.

ЖҰМЫС ТӘЖІРИБЕСІ
Мемлекеттік және квазимемлекеттік секторларда 24 жылдан астам жұмыс тәжірибесі бар.

НЕГІЗГІ ҚЫЗМЕТТЕРІ МЕН ӨКІЛЕТТІЛІКТЕРІ
1) кәдеге жарату төлемдерін қабылдау ережелерін реттеу;
2) инвестициялық жобаларды сүйемелдеу;
3) Қоғамның адами ресурстарын басқару.

АФФИЛИРЛЕНГЕН ҰЙЫМДАРДЫҢ АКЦИЯЛАРЫ
Аффилирленген ұйымдардың тиесілі акцияларының саны мен үлесі: иелігінде жоқ

БАСҚАРМА ҚҰРАМЫ



Ерназар Шынасыл Жеңісұлы

Басқарма Төрағасының орынбасары, Басқарма мүшесі (2023 жылғы қарашадан бастап)

ТУҒАН ЖЫЛЫ ЖӘНЕ АЗАМАТТЫҒЫ
1992 жылы туған, Қазақстан Республикасының азаматы

БІЛІМІ
Жоғары қаржылық, іскерлік әкімшілендіру магистрі (MBA).

ЖҰМЫС ТӘЖІРИБЕСІ
Квазимемлекеттік секторда 12 жылдан астам жұмыс тәжірибесі бар

НЕГІЗГІ ФУНКЦИЯЛАРЫ МЕН ӨКІЛЕТТІКТЕРІ
1) экономика, қаржы, бухгалтерлік есеп жүргізу, қаржылық және салықтық есептілікті жасау, өтімділікті басқару;

2) өндірушілердің (импорттаушылардың) кеңейтілген міндеттемелері операторы функцияларын жүзеге асырумен байланысты қызметті қаржыландыру;

3) дауыс беретін акцияларының (жарғылық капиталдағы қатысу үлесінің) елу және одан да көп пайызы мемлекетке және (немесе) ұлттық басқарушы холдингке тікелей немесе жанама түрде тиесілі ұйымдарды, Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындайтын тәртіппен және шарттарда қоршаған ортаның жай-күйін жақсартуға бағытталған жобаларды және өңдеуші саланы одан әрі қаржыландыру үшін қаржыландыру;

4) Даму жоспарын, Қоғамның жылдық бюджетін және басқа да ішкі актілерді әзірлеу, келісу және орындау;

5) ақпараттық технологиялардың, автоматтандырылған ақпараттық жүйелердің, ақпараттық қауіпсіздік жүйелерінің, ақпараттық ресурстардың, есептеу техникасы мен Қоғамның АТ-инфрақұрылымының үздіксіз жұмысын қамтамасыз ету.

АФФИЛИРЛЕНГЕН ҰЙЫМДАРДЫҢ АКЦИЯЛАРЫ
Аффилирленген ұйымдардың тиесілі акцияларының саны мен үлесі: иелігінде жоқ

ЛАУАЗЫМДЫ ТҰЛҒАЛАРҒА СЫЙАҚЫ ТӨЛЕУ САЯСАТЫ

Қазақстан Республикасының заңнамасында, Қоғам Жарғысында және Қоғамның ішкі актілерінде белгіленген тәртіппен Директорлар кеңесінің мүшелеріне олардың өз міндеттерін атқару кезеңінде сыйақы төленуі және (немесе) Директорлар кеңесі мүшелерінің функцияларын орындаумен байланысты шығыстары өтелуі мүмкін.

Жалғыз акционердің, басқа да мемлекеттік органдардың өкілдері болып табылатын Директорлар кеңесінің мүшелері, сондай-ақ Басқарма Төрағасы Директорлар кеңесінің жұмысына қатысқаны үшін сыйақы алмайды.

Директорлар кеңесінің мүшелеріне – тәуелсіз директорларға сыйақы төлеу Жалғыз акционердің шешімімен белгіленеді.

Сыйақы төлеу мен шығыстарды өтеу шарттары мен мөлшері тиісті тәуелсіз директормен жасалатын келісімде көрсетіледі.

Басқарма мүшелерінің еңбегіне ақы төлеу және оларды сыйақыландыру шарттары Қоғамның басшы қызметкерлерінің еңбегіне ақы төлеу және оларды сыйлықақы беру қағидаларымен айқындалған, сондай-ақ Қоғамның Басқарма Төрағасы мен мүшелерінің еңбегіне ақы төлеу мен сыйлықақы беру шарттарын көрсетеді және Басқарма Төрағасы мен мүшелерінің еңбегіне ақы төлеу мен сыйлықақы берудің тиімді жүйесін белгілеу арқылы Қоғамның стратегиялық мақсаттарына қол жеткізуге ықпал етуге бағытталған.

Қоғамның Директорлар кеңесі Қоғамның Басқарма Төрағасы мен мүшелерінің лауазымдық айлықақыларының мөлшері мен еңбекке ақы төлеу шарттарын айқындайды. Қоғамның Басқарма Төрағасы мен мүшелерінің еңбегіне ақы төлеу жүйесі лауазымдық айлықақыны және белгіленген қызметтің негізгі түйінді көрсеткіштері орындалған жағдайда бір жылғы жұмыс қорытындысы бойынша сыйақы беруді қамтиды.

Қызмет нәтижелері бойынша сыйақылар есепті кезеңдегі аудиттелген қаржылық есептілік негізінде қаржы-шаруашылық қызметінің нәтижелері белгіленген тәртіппен бекітілгеннен кейін, Қоғам бюджетінде осы мақсаттарға көзделген ақшалай қаражат шегінде төленеді.

ТҰРАҚТЫ ДАМУ ЖӘНЕ ESG

Қоғам тұрақты дамуды ұзақ мерзімді стратегияның негізі ретінде қарастырады және ESG (экология, әлеуметтік жауапкершілік және корпоративтік басқару) қағидаттарын қызметтің негізгі бағыттарына біріктіреді.

Қоғам қызметі экономикалық, экологиялық және әлеуметтік мүдделердің теңгерімін қамтамасыз етуге, сондай-ақ Қазақстан Республикасының қоршаған ортаны қорғау және қалдықтарды басқару саласындағы мемлекеттік саясатын іске асыруға бағытталған.

2025 жылы Қоғам экологиялық бастамаларды дамытуды, әлеуметтік жауапкершілікті арттыруды және корпоративтік басқаруды жетілдіруді қоса алғанда, ESG қағидаттарын жүйелі түрде енгізуді жалғастырды.

Қоғам қызметінің тұрақты даму саласындағы негізгі бағыттары ESG-дің экологиялық, әлеуметтік және басқарушылық құрауыштары арқылы ашылады.



Экологиялық құрауыш (E)

Қоғамның экологиялық саясаты қоршаған ортаға әсерді барынша азайтуға, табиғи ресурстарды ұтымды пайдалануға және экологиялық қауіпсіз технологияларды енгізуге бағытталған.

2025 жылы Қоғам қалдықтарды бөлек жинау жүйесін дамытуға және халықтың экологиялық мәдениетін қалыптастыруға бағытталған бастамалар кешенін іске асырды.

Атап айтқанда, «Таза Қазақстан» бастамасы аясында мемлекеттік органдар мен білім беру мекемелерінде қалдықтарды бөлек жинауға арналған экобокстар орнату қамтамасыз етілді.

Сондай-ақ мемлекеттік ұлттық табиғи парктерде қалдықтарды бөлек жинау инфрақұрылымын дамытуға, антропогендік жүктемені және қоршаған ортаға тиетін теріс әсерді азайтуға бағытталған іс-шаралар іске асырылды.

7 мемлекеттік ұлттық табиғи паркте қалдықтарды бөлек жинау элементтері, соның ішінде контейнерлер, экоурналар, фандоматтар орнату енгізілді.

Осы іс-шараларды іске асыру қалдықтармен жұмыс істеудің тұрақты жүйесін қалыптастыруға, қоршаған ортаға теріс әсерді азайтуға ықпал етеді.

НЕГІЗГІ БАСТАМАЛАР 2025



«ТАЗА ҚАЗАҚСТАН»

Қалдықтарды бөлек жинауға арналған экобокстарды орнату

Мемлекеттік органдар мен білім беру мекемелерінде – халықтың экологиялық мәдениетін қалыптастыру

Таза Қазақстан
ЖАППЫҚТЫҚ ЭКОЛОГИЯЛЫҚ АКЦИЯ

7 МЕМЛЕКЕТТІК ҰЛТТЫҚ ТАБИҒИ ПАРКТЕРГЕ

Қалдықтарды бөлек жинау элементтері енгізілді

Контейнерлер, экоурналар және фандоматтар – антропогендік жүктемені азайту және қалдықтармен жұмыс істеудің тұрақты жүйесі

ТҰРАҚТЫ ДАМУ ЖӘНЕ ESG

Әлеуметтік жауапкершілік(S)

Қоғамның әлеуметтік саясаты адами капиталды дамытуға, халықтың экологиялық хабардарлығын арттыруға бағытталған.

Негізгі бағыттар жұмысқа орналастыру кезінде тең мүмкіндіктерді қамтамасыз етуді, қызметкерлердің құқықтарын сақтауды және қауіпсіз еңбек жағдайларын қамтамасыз етуді, персоналдың кәсіби құзыреттерін дамытуды, білім беру және әлеуметтік бастамаларды іске асыруды қамтиды.



БАСТАМАЛАР 2025

БІЛІМ БЕРУ ЖОБАЛАРЫ

Мектептерде қалдықтарды бөлек жинау

Білім беру жобалары мен бастамалары арқылы халық пен мектеп оқушылары арасында қалдықтарды бөлек жинау мәдениетін қалыптастыру.

ОҚЫТУ ЖӘНЕ АҚПАРАТТЫҚ НАУҚАНДАР

Ұлттық парктер· Ағартушылық материалдар

Ұлттық табиғи парктердің персоналын оқыту, ақпараттық науқандар, халыққа арналған ағартушылық материалдарды әзірлеу.

2025 жылы халық, соның ішінде мектеп оқушылары арасында қалдықтарды бөлек жинау мәдениетін қалыптастыруға бағытталған білім беру жобалары мен бастамалары іске асырылды.

Мемлекеттік ұлттық табиғи парктердің персоналын оқыту жүргізілді, ақпараттық науқандар ұйымдастырылды, халыққа арналған ағартушылық материалдар әзірленді.

Бұл іс-шаралар экологиялық мәдениет деңгейін арттыруға, қоғамды тұрақты даму практикасына тартуға ықпал етеді.

Корпоративтік басқару (G)

2025 жылы сыртқы кеңесшіні тарта отырып, корпоративтік басқару жүйесіне тәуелсіз бағалау жүргізілді, оның нәтижелері бойынша Қоғамға жоғары деңгей берілді.

Қоғамда тәуекелдерді басқару жүйесі енгізілген, оның ішінде Тәуекелге деген тәбетті (Risk Appetite) қалыптастыру, тәуекелдерге тұрақты мониторинг жүргізу, стресс-тестілеу жүргізу жүзеге асырылады.



БҰҰ ЖАҺАНДЫҚ ШАРТЫНЫҢ ҚАҒИДАЛАРЫ

Адам құқығы
Адам құқықтарын сақтау және қорғау

Еңбек стандарттары
Кемсітушілікке жол бермеу

Қоршаған орта
ЖҚфауапкершілікпен қарау

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл
Сыбайлас жемқорлыққа мүлдем төзбеушілік

Басқарушылық шешімдердің ашықтығы мен тиімділігін қамтамасыз ететін аналитика мен бақылаудың заманауи цифрлық құралдары қолданылады.

Қоғам адам құқықтарын сақтау мен қорғауды, еңбек стандарттарын сақтауды және кемсітушілікке жол бермеуді, қоршаған ортаға жауапкершілікпен қарауды, сыбайлас жемқорлыққа мүлдем төзбеушілікті қоса алғанда, БҰҰ Жаһандық шартының қағидаттарын ұстанады.

Ақпараттық қауіпсіздік және коммерциялық құпияны қорғау

Қоғамның ақпараттық қауіпсіздігін қамтамасыз етуге саясаттармен, әдістермен, рәсімдермен және бағдарламалық қамтамасыз ету функцияларымен ұсынылған қажетті процестер мен шаралар кешенін іске асыру жолымен қол жеткізіледі.

Қоғамның ақпараттық жүйесін белгілі және белгісіз киберқатерлерден қорғау үшін локальді және кіріс трафикті сүзгілейтін жаңа буынның аппараттық-бағдарламалық құралдар кешені орнатылған.

Жүйелі негізде Қоғамның ақпараттық ресурстарының осалдықтарына сканерлеу жүргізіледі, олар ақпараттық қауіпсіздік талаптарына сәйкес жойылады.

Ақпараттық қауіпсіздік бойынша Қоғам қызметкерлерінің хабардарлығын арттыру мақсатында жарты жылда бір рет қызметкерлерді оқыту, соңынан Қоғамның Ақпараттық қауіпсіздік саясатын білуіне тестілеу жүргізіледі.

Жаңа буынның аппараттық-бағдарламалық кешені

Қоғамның ақпараттық жүйесін белгілі және белгісіз киберқатерлерден қорғау. Локальді және кіріс трафикті сүзгілеу.

Саясаттар, әдістер мен рәсімдер кешені

Ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету үшін саясаттарды, әдістерді, рәсімдерді және бағдарламалық қамтамасыз ету функцияларын іске асыру.

Осалдықтарды жүйелі сканерлеу

Жүйелі негізде ақпараттық қауіпсіздік талаптары бойынша осалдықтарды жоя отырып, Қоғамның ақпараттық ресурстарын сканерлеу жүргізіледі.

Қызметкерлерді оқыту және тестілеу

Жарты жылда бір рет — Қоғамның Ақпараттық қауіпсіздік саясатын білуіне кейіннен тестілеу жүргізе отырып, қызметкерлерді оқыту.

Мемлекеттік сатып алу

Мемлекеттік сатып алу ЭМПР-мен келісілетін және Қоғамның Директорлар кеңесі бекітетін Даму жоспарына сәйкес жылдық бюджет негізінде бекітілген қаржы жылына арналған тауарларды, жұмыстарды және көрсетілетін қызметтерді мемлекеттік сатып алу жоспарына сәйкес жүргізіледі.

HR-менеджменттің тиімділігі

Кадр саясатын іске асыру және Қоғамның стратегиялық мақсаттарына қол жеткізу шеңберінде 2025 жылы адами капиталды дамыту, ішкі процестерді жетілдіру және персоналды басқару тиімділігін арттыру бойынша жүйелі жұмыс жалғастырылды.



Есепті кезеңнің қорытындысы бойынша персоналды басқаруға қолданылатын тәсілдердің жоғары тиімділігі, қызметкерлердің тартылуы мен қанағаттанушылығы расталды. Тартылу индексі 88%-ды құрады, бұл стратегиялық мақсатты көрсеткіштен асады және жоғары деңгейге сәйкес келеді. Қанағаттанушылық индексі 81%-ды құрады, бұл да жоғары мәндер санатына жатады. Бұл көрсеткіштер қалыптасқан корпоративтік мәдениетті, сенім деңгейін және персоналдың уәждемесін айғақтайды.

HR-менеджменттің тиімділігі

Есепті кезеңде қажетті ішкі нормативтік құжаттар әзірленді, сондай-ақ бизнес-процестерді жетілдіру және персоналды басқару тиімділігін арттыру мақсатында қолданыстағы құжаттарды өзектендіру жүргізілді.

Кадр саясатының маңызды элементі ішкі кадрлық резервтерді және мансаптық өсу механизмдерін дамыту мен қолдау болып табылады. 2025 жылы Қоғамның Кадр резервінен 6 қызметкер директорлар деңгейіндегі жоғары тұрған лауазымдарға ауыстырылды, бұл ішкі өсу тетіктерінің жұмыс істеуін, меритократия қағидаттарының іске асырылуын және ішкі кандидаттарды қарауға басымдық берілетінін дәлелдейді.

Есепті кезеңде персоналдың құзыреттілігін дамытуға ерекше назар аударылды:

- 97 қызметкер (жалпы санының 59,15%-ы) 32 оқыту іс-шарасына қатысты;
- оқыту қорытындысы бойынша 167 сертификат алынды;
-3 қызметкер сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс және жобаларды басқару бағыттары бойынша біліктілік емтихандарын сәтті тапсырды.

«Жасыл даму» АҚ қызметкерлерінің 2025 жылғы қызметіне кешенді бағалау жүргізіліп, оған 142 қызметкер қатысты. Оның нәтижелері бойынша қызметкерлердің 84,5%-ы қызмет пен құзыреттіліктің жиынтық бағасы бойынша жоғары нәтижелілік көрсетті. Қорытындылай келе, 4 қызметкер кадрлық резервке қосылды.

Осылайша, Қоғамның іске асырылып жатқан кадр саясаты персоналды дамытуға, ішкі кандидаттарды қолдауға, қызметкерлердің тартылуы мен нәтижелілігін арттыруға, сондай-ақ адам ресурстарын басқарудың ішкі процестерін жетілдіруге бағытталған жүйелі тәсілмен сипатталады.

86% ТАРТЫЛУ ИНДЕКСІ
Стратегиялық мақсаттан асады

81% ҚАНАҒАТТАНУШЫЛЫҚ ИНДЕКСІ
Сенім мен уәждеменің жоғары деңгейі

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл

Табысты компаниялар сенімге негізделеді. Әлеуетті инвесторлар үшін компанияның адал және ашық бизнес жүргізуі маңызды. Сондықтан Қоғам өз жұмысын сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелері бойынша үздік комплаенс практикаларына сәйкес құрады.

Комплаенс функциясы Қоғамның сыбайлас жемқорлыққа, алаяқтыққа және мүдделер қақтығысына қарсы іс-қимыл саласындағы жоғары стандарттарға сәйкестігін, ашықтық пен әдептілікті қамтамасыз етуде маңызды рөл атқарады.

Қоғамның Комплаенс қызметі сыбайлас жемқорлық пен алаяқтыққа қарсы іс-қимыл жүйесін ұйымдастыру және бақылау мақсатында 2022 жылғы шілдеде Директорлар кеңесінің шешімімен құрылды.

Есепті жылы Комплаенс қызметі бос лауазымдарға үміткерлердің барлығына және Қоғамға азаматтық-құқықтық сипаттағы (АҚС) шарттар бойынша тартылатын тұлғаларға сенімділік тексеруін жүргізді. Бұл процесс Қоғамға қаржылық және беделдік залал келтіруі мүмкін тұлғалардың енуіне жол бермеу үшін өте маңызды.

Әрбір жаңа серіктестік немесе бітімгершілік келісім әлеуетті тәуекелдерді тудырады. Комплаенс қызметі барлық әлеуетті және әрекеттегі контрагенттердің сенімділігін, үлестестігін және заңнамаға сәйкестігін кешенді тексеруден өткізеді.

2025 ЖЫЛЫ ҮМІТКЕРЛЕРДІ ТЕКСЕРУ

ТЕКСЕРІЛГЕН ҮМІТКЕРЛЕРДІҢ ЖАЛПЫ САНЫ
147

ШТАТТЫҚ ЛАУАЗЫМДАРҒА ҮМІТКЕРЛЕР
120 тексерілді
8 *қабылданбады*

АҚС ШАРТТАРЫ БОЙЫНША ҮМІТКЕРЛЕР
27 тексерілді
0 *қабылданбады*

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл

2025 жыл ішінде Комплаенс қызметі талаптардың сақталуын және уақтылы ден қоюды қамтамасыз ету мақсатында Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саласындағы заңнамасындағы өзгерістерге тұрақты мониторинг жүргізді.

2025 жылдың қорытындысы бойынша Қоғамда сыбайлас жемқорлық сипатындағы құқық бұзушылық немесе Қоғам лауазымды тұлғалары мен қызметкерлерінің заңсыз әрекеттері бойынша бірде-бір жағдай тіркелген жоқ. 2025 жылы Қоғамның Комплаенс қызметі жоспарлаған барлық іс-шаралар белгіленген мерзімде және толық көлемде орындалды.

2025 ЖЫЛЫ КОМПЛАЕНС ҚЫЗМЕТІ ҚЫЗМЕТІНІҢ БАҒЫТТАРЫ

01 АШЫҚТЫҚ ПЕН ӘДЕП

Комплаенс функциясы сыбайлас жемқорлыққа, алаяқтыққа және мүдделер қақтығысына қарсы іс-қимыл саласындағы жоғары стандарттарға сәйкестікті, ашықтық пен әдептілікті қамтамасыз етеді

02 ҮМІТКЕРЛЕР МЕН АҚС ШАРТТАРЫ БОЙЫНША ҮМІТКЕРЛЕРДІ ТЕКСЕРУ

Қаржылық және беделдік тәуекелдердің алдын алу мақсатында бос лауазымдарға үміткерлердің барлығын және АҚС шарттары бойынша тартылатын тұлғаларды сенімділікке тексеру

03 КОНТРАГЕНТТЕРДІ ТЕКСЕРУ

Әлеуетті және әрекеттегі контрагенттердің сенімділігін, үлестестігін және заңнамаға сәйкестігін кешенді тексеру

04 ЗАҢНАМА МОНИТОРИНГІ

ҚР-ның сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саласындағы заңнамасындағы өзгерістерге тұрақты мониторинг жүргізу. 2025 жылға жоспарланған барлық іс-шаралар белгіленген мерзімде және толық көлемде орындалды

АУДИТОРЛЫҚ ҚОРЫТЫНДЫ

«SFAI Kazakhstan» ЖШС тәуелсіз аудиторының 2026 жылғы 16 ақпандағы аудиторлық қорытындысы Қоғамның 2025 жылғы қаржылық есептілігінде көрсетілген.



АУДИТОРСКИЙ ОТЧЕТ НЕЗАВИСИМОГО АУДИТОРА

Акционеру и Руководству АО «Жасыл даму»

Мнение

Мы провели аудит консолидированной финансовой отчетности АО «Жасыл Даму» и его дочерней организации (далее вместе - «Группа»), состоящей из консолидированного отчета о финансовом положении по состоянию на 31 декабря 2025 года, консолидированного отчета о совокупном доходе, консолидированного отчета об изменениях в капитале и консолидированного отчета о движении денежных средств за год, закончившийся на указанную дату, а также примечаний к консолидированной финансовой отчетности, включая информацию о существенных положениях учетной политики.

По нашему мнению, прилагаемая консолидированная финансовая отчетность отражает достоверно во всех существенных отношениях консолидированное финансовое положение Группы по состоянию на 31 декабря 2025 года, а также ее консолидированные финансовые результаты и консолидированное движение денежных средств за год, закончившийся на указанную дату, в соответствии с Международными стандартами финансовой отчетности (МСФО).

Основание для выражения мнения

Мы провели аудит в соответствии с Международными стандартами аудита (МСА). Наши обязанности в соответствии с этими стандартами описаны далее в разделе «Ответственность аудитора за аудит консолидированной финансовой отчетности» нашего отчета. Мы независимы по отношению к Группе в соответствии с Международным кодексом этики профессиональных бухгалтеров (включая международные стандарты независимости) Совета по международным стандартам этики для бухгалтеров (Кодекс СМСЭБ) и этическими требованиями, применимыми к нашему аудиту консолидированной финансовой отчетности в Казахстане. Мы также выполнили прочие этические обязанности в соответствии с этими требованиями и Кодексом СМСЭБ. Мы полагаем, что полученные нами аудиторские доказательства являются достаточными и надлежащими, чтобы служить основанием для выражения нашего мнения.

Ответственность руководства за консолидированную финансовую отчетность

Руководство несет ответственность за подготовку и достоверное представление указанной консолидированной финансовой отчетности в соответствии с МСФО и за систему внутреннего контроля, которую руководство считает необходимой, для подготовки консолидированной финансовой отчетности, не содержащей существенных искажений вследствие недобросовестных действий или ошибок.

При подготовке консолидированной финансовой отчетности руководство несет ответственность за оценку способности Группы продолжать непрерывно свою деятельность, за раскрытие в соответствующих случаях сведений, относящихся к непрерывности деятельности, и за составление отчетности на основе допущения о непрерывности деятельности, за исключением случаев, когда руководство намеревается ликвидировать Группу, прекратить ее деятельность или, когда у него отсутствует какая-либо иная реальная альтернатива, кроме ликвидации или прекращения деятельности.



Мы осуществляем информационное взаимодействие с лицами, отвечающими за корпоративное управление, доводя до их сведения, помимо прочего, информацию о запланированном объеме и сроках аудита, а также о существенных замечаниях по результатам аудита, в том числе о значительных недостатках системы внутреннего контроля, которые мы выявляем в процессе аудита.

Партнер, ответственный за проведение аудита, по результатам которого выпущен настоящий аудиторский отчет независимого аудитора, – Кунышбеков О.К.

Кунышбеков Олжас
Генеральный директор
ТОО «SFAI Kazakhstan»

Государственная лицензия на занятие аудиторской деятельностью № 24020397 выдана Министерством финансов Республики Казахстан 3 июня 2024 года

Кунышбеков Олжас
Аудитор

Квалификационное свидетельство аудитора № МФ0000516 от 12 января 2018 года

Республика Казахстан, г. Алматы, 050000
пр. Аль-Фараби, 13, блок 1В, офис 505

16 февраля 2026 года

ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІК

2025 жылдың қорытындысы бойынша Қоғам 39 524 млн теңге мөлшерінде таза пайда алды.
Қоғамның 2025 жылғы қаржылық есептілігінің толық нұсқасымен Қоғамның интернет-ресурсында танысуға болады.

39 524 МЛН ТЕҢГЕ

2025 жылғы таза пайда

ТОЛЫҚ НҰСҚАСЫ

2025 жылғы қаржылық есептілік Қоғамның интернет-ресурсында қолжетімді

ІШКІ АУДИТ ҚЫЗМЕТІ

Қоғамның Ішкі аудит қызметінің (бұдан әрі — ІАҚ) миссиясы тәуекелге бағдарланған тәсіл негізінде объективті ішкі аудиторлық тексерулер жүргізу, ұсынымдар беру және біліммен алмасу арқылы Қоғамның құнын сақтау мен арттырудан тұрады.

ІАҚ ішкі аудитті жүзеге асыратын, тікелей Директорлар кеңесіне, оның жанындағы Аудит және тәуекелдерді басқару жөніндегі комитетке (бұдан әрі — АТБЖК) бағынатын және өз жұмысы туралы олардың алдында есеп беретін Қоғамның органы болып табылады.

ІАҚ өз қызметін жүзеге асыру кезінде Қазақстан Республикасының заңнамасын, Қоғамның Жарғысын, Қоғамның Ішкі аудит қызметі туралы ережені, Ішкі аудиторлар институты ұсынған ішкі аудиттің кәсіби практикасының халықаралық негіздерін, Қоғамда ішкі аудитті ұйымдастыру қағидаларын, сондай-ақ Қоғам органдарының басқа да ішкі актілері мен шешімдерін басшылыққа алады.

2025 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша ІАҚ-тың сандық құрамы Қоғамның 2025 жылға арналған штат кестесіне сәйкес 2 штаттық бірлікті — ІАҚ басшысы мен бас аудиторын қамтыды.

ІАҚ өз қызметін тәуекелге бағдарланған тәсіл негізінде Жылдық аудиторлық жоспарға сәйкес жүзеге асырады. Директорлар кеңесі қабылдаған ІАҚ-тың 2025 жылғы қызметі туралы Жылдық есепке сәйкес, ІАҚ-тың 2025 жылға арналған жоспарында көзделген барлық іс-шаралар толық көлемде орындалды.

Жүргізілген аудиторлық іс-шаралардың нәтижелері бойынша ішкі бақылау, тәуекелдерді басқару және корпоративтік басқару жүйелерін жетілдіруге бағытталған тиісті ұсынымдар әзірленді. Аудит объектілері анықталған бұзушылықтарды жою бойынша түзетуші және алдын алу әрекеттерінің жоспарларын әзірледі.

Директорлар кеңесі әзірлеген және бекіткен Қоғамның корпоративтік басқаруын диагностикалау әдістемесі. Ішкі аудит нәтижелері мен ұсынымдардың орындалуы туралы ақпарат тоқсан сайынғы және жылдық есептерде көрсетіледі, оларды алдын ала Директорлар кеңесінің АТБЖК-і қарап, Қоғамның Директорлар кеңесі бекітеді.

Қоғамның ішкі аудитінің сапасын қамтамасыз ету және арттыру бағдарламасына сәйкес, ІАҚ Қоғамның 2025 жылғы ішкі аудит қызметіне ішкі бағалау жүргізді.

ГЛОССАРИЙ

Жылдық есепте қолданылатын терминология, аббревиатуралар мен қысқартулар:

АЭПМ	Ақтау пластикалық массалар зауыты
ААЖ	Автоматтандырылған ақпараттық жүйе
«Жасыл даму» АҚ	Қоғам
БҚО	Биологиялық және химиялық қауіпті қалдықтар
ІБҚ	Ішкі бақылау
ЕОӘКГА	Есептеулер мен өзара байланысты талдаудың көмекші құралы
МҰТП	Мемлекеттік ұлттық табиғи парк
АҚС	Азаматтық-құқықтық сипаттағы шарт
ЖЭҚ	Жаһандық экологиялық қор
ЖПЖОШ	Жерді пайдалану, жерді пайдаланудың өзгеруі және орман шаруашылығы
АҚ	Ақпараттық қауіпсіздік
АЖ	Ақпараттық жүйе
АТ	Ақпараттық технологиялар
АТБЖК	Аудит және тәуекелдерді басқару жөніндегі комитет
ӘҚКК	Әлеуметтік қамсыздандыру және қызметкерлерді көтермелеу жөніндегі комитет
Кодекс	Қазақстан Республикасының Экологиялық кодексі
ТКК	Түйінді қызмет көрсеткіштері
ТӘК	Түйінді әсер ету көрсеткіштері
СЖК	Стратегиялық жоспарлау жөніндегі комитет
КБ	Корпоративтік басқару
ІІМ	Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі
ҚҚЗ	Қоқыс таситын ұйым (немесе Қоқыс өңдейтін зауыт)
ҮМЭТБ	Үкіметаралық климаттың өзгеруі жөніндегі сарапшылар тобы
ЖӘО	Жергілікті атқарушы органдар
АШМ	Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі
МТБ	Материалдық-техникалық база
ҚМ	Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі
ТЖМ	Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігі
ЭТРМ	Қазақстан Республикасы Экология және табиғи ресурстар министрлігі
ҚҚА	Нормативтік құқықтық актілер
ҰОД	Ұлттық деңгейде айқындалатын салымдар
БҰҰ	Біріккен Ұлттар Ұйымы
ӨКӨ операторы	Оператор
ЭЫДҰ	Экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымы

ПГ	Парниктік газдар
ҮҚ	Үкімет қаулысы
ПХД	Полихлорланған дифенилдер (қауіпті қалдықтар)
Реестр	Мемлекеттік көміртегі бірліктерінің тізілімі
ҚР	Қазақстан Республикасы
БҰҰ КӨЖК	Біріккен Ұлттар Ұйымының Климаттың өзгеруі туралы негіздемелік конвенциясы
РТС	Радиациялық бақылау станциясы
ӨКМ	Өндірушілердің (импорттаушылардың) кеңейтілген міндеттемелері
ІАҚ	Ішкі аудит қызметі
КЖТЕС	Кәдеге жарату төлемінің енгізілгені туралы сертификат
ДК	Директорлар кеңесі
Директорлар кеңесі	Қоғамның басқару органы
ТОР	Тұрақты органикалық ластағыштар
ШСЖ	Шығарындылар саудасының жүйесі
КҚТК	Көлік құралын тіркеу туралы куәлік
ТЖЖ	Тәуекелдерді басқару жүйесі
АШТ	Ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілер
ТМҚ	Тұрмыстық қатты қалдықтар
ЖШС	Жауапкершілігі шектеулі серіктестік
КҚ	Көлік құралдары
УА	Утилизациялық алым
ӨДҚ	Өнеркәсіпті дамыту қоры
ҚШҚ	Қаржы-шаруашылық қызметі
ЭК	Экологиялық кодекс
ЭЭҚ	Электрондық және электрлік жабдықтардың қалдықтары
ЮНЕП	БҰҰ Қоршаған орта жөніндегі бағдарламасы
CFA	Chartered Financial Analyst, халықаралық қаржы талдаушыларының сертификаты
COP	Conference of the Parties, БҰҰ КӨЖК Тараптар Конференциясы
EcoQolday	Автоматтандырылған ақпараттық жүйе («EcoQolday» АЖ)
ESG	Environmental, Social, Governance: экологиялық, әлеуметтік және басқарушылық қағидаттар
IPMA	International Project Management Association, Халықаралық жобаларды басқару қауымдастығы
IPPU	Industrial Processes and Product Use, өнеркәсіптік процестер және өнімді пайдалану
RECETOX	Research Centre for Toxic Compounds in the Environment (Қоршаған ортадағы уытты қосылыстарды зерттеу орталығы, Чехия)